

САЛАЛЫҚ
ВОЛОНТЕРЛІК
БОЙЫНША
НҰСҚАУЛЫҚ

BIRGEMIZ

ASYL MURA



2020 жыл

«Салалық волонтерлік бойынша нұсқаулық: BIRGEMIZ ASYL MURA» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 16 қаңтардағы №3 қаулысымен бекітілген Волонтер жылын өткізу бойынша іс-шаралар жоспарын іске асыру шеңберінде әзірленген жеті нұсқаулықтың бірі болып табылады.

Нұсқаулық Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің зияткерлік меншігі болып табылады.

Материалдарды көшіру және/немесе пайдалану үшін міндетті түрде дереккөзге сілтеме жасалуы тиіс.

Нұсқаулық волонтерлік қызметті дамыту мақсатында ұйымдар мен волонтерлердің пайдалануына арналған. Нұсқаулық волонтерлер туралы жалпы ақпаратты, сондай-ақ ұйымдарға волонтерлерді тарту және ұстап тұру және де олармен тарихи-мәдени мұраны сақтау саласында жұмыс істеу жөніндегі тәжірибелік ұсынымдарды қамтиды.

Жалпы ақпарат билік өкілдері мен мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ әлеуетті волонтерлер және өңірдегі волонтерлікті нығайтуға мүдделі барлық тараптар үшін пайдалы болады.

НҰСҚАУЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІНІҢ ТАПСЫРЫСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ.

Авторлар: Виноградова Елена,
Миرونюк Татьяна, Трубова Надежда

Редакторлар: Амреева Елена, Ким Вера

Дизайн және компьютерлік беттеу:
Мусалиева Анастасия

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	4
I БӨЛІМ. ВОЛОНТЕРЛІКТІҢ ЖАЛПЫ ТӘЖІРИБЕСІ.....	5
ВОЛОНТЕРЛІК ТУРАЛЫ.....	6
«Волонтерлік» ұғымы.....	6
Волонтерліктің тарихы.....	6
Волонтерлік қызмет туралы аңыздар.....	8
Волонтерліктегі әлемдік трендтер.....	10
ВОЛОНТЕРЛЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ СТРАТЕГИЯСЫ.....	13
ВОЛОНТЕРЛЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ СТРАТЕГИЯСЫ НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?.....	13
I кезең. Дайындық.....	14
II кезең. Волонтерлерді қабылдау.....	16
III кезең. Келісім жасасу.....	16
IV кезең. Волонтерлердің қызметі.....	17
V кезең. Ұстап қалдыру және алмастыру.....	20
VI кезең. Аяқтау.....	20
ВОЛОНТЕРЛІКТІ АҚПАРАТТЫҚ ІЛГЕРІЛЕТУ.....	21
Ақпараттандыру көздері.....	21
Жаңа бақ	22
Хабарламаларды тұжырымдау	23
ВОЛОНТЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ СТАНДАРТЫ.....	24
II БӨЛІМ. ВОЛОНТЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІ BIRGEMIZ ASYL MURA БАСЫМ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ДАМУ	25
BIRGEMIZ ASYL MURA МАҚСАТЫ МЕН БАҒЫТТАРЫ.....	26
ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАНЫ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ ВОЛОНТЕРЛІКТІ ДАМУ ҚАДАМДАРЫ.....	28
1. Облыс және аудан деңгейінде тарихи-мәдени мұраны сақтау саласында волонтерлікті дамыту қадамдары.....	34
2. Мәдениет мекемелерінде волонтерлік қызметті ұйымдастыру қадамдары.....	35
3. Ескерткіштерді сақтау және қалпына келтіру жөніндегі қызметке волонтерлерді тарту қадамдары.....	39
4. Тарихи және мәдени орындар бойынша туризмдегі волонтерлік жобаларды дамыту қадамдары.....	42
5. Мәдени іс-шараларды ұйымдастыру кезінде волонтерлермен жұмыс жасау қадамдары	44
6. Волонтерлерді шығармашылық және мәдени әлеуметтік жобаларға тарту қадамдары.....	
III БӨЛІМ. ЕГЕР МЕН BIRGEMIZ ASYL MURA БАСЫМ БАҒЫТЫНДАҒЫ ВОЛОНТЕР БОЛҒЫМ КЕЛСЕ.....	37
ВОЛОНТЕРЛІК БАҒЫТЫН ТАҢДАУ.....	38
BIRGEMIZ ASYL MURA БАҒЫТЫНДАҒЫ ВОЛОНТЕРЛІК.....	39
ҚОСЫМШАЛАР.....	41
1-қосымша. Сауалнама.....	41
2-қосымша. Келісім.....	43
3-қосымша. Шақыру үнпарағы.....	45
4-қосымша. Қауіпсіздік техникасы.....	46
5-қосымша. Игі істер тізімі.....	47
6-қосымша. Игі істер күнделігі.....	47
7-қосымша. Қосымша ресурстардың тізімі	48
8-қосымша. Ұйымдардың тізімі.....	49
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР.....	54

КІРІСПЕ

Волонтерлік қызмет – әлеуметтік бағытталған ерікті, еркін ерік білдіру бойынша орындалатын, жеке және (немесе) заңды тұлғалардың мүддесінде өтеусіз негізде жүзеге асырылатын қоғамдық пайдалы қызмет.

Тарихи термин соғыс қимылдары кезінде қалыптасты, алайда әр елде, мәдениетте басқа адамдарға, мысалы Қазақстандағы «асар» сияқты ерікті көмектің құндылығы бар. Волонтерлік қызмет әртүрлі мекемелер мен халық топтарына көмек көрсете отырып, қоғамдық ұйымдар немесе бастамашыл топтар арқылы біртіндеп қоғам өмірінің барлық жақтарын қамти бастады.

Түсінік пен тәжірибенің жеткіліксіздігінен Қазақстан үшін волонтерлік әлі толық қалыптасқан жоқ, сондықтан волонтерлікті дамытуда қиындықтар мен кедергілер туындайды. Атап айтқанда, бұл волонтерлік ұйымдар мен волонтерлердің қызметі туралы ақпараттың жеткіліксіздігіне, волонтерлік қызметті қолдау инфрақұрылымының дамымағандығына, волонтерлікті дамыту мәселелері бойынша сектораралық және ведомствоаралық өзара әрекеттестіктің әлсіздігіне, сондай-ақ волонтерлік жобаларды ұйымдастыруда білімнің, тәжірибенің және жүйеліліктің жеткіліксіздігіне байланысты.

Осылайша, волонтерлік қызметке қатысуға ықтимал даярлығы туралы мәлімдеген азаматтар саны мен оны нақты жүзеге асыратын азаматтар саны арасындағы айырмашылық едәуір болып қалып отыр.

2000-шы жылдардан бастап түрлі қоғамдық ұйымдар волонтерлікті дамыту бойынша күштерін біріктіруге тырысты. Қазақстанда волонтерліктің рөлін арттыруға, волонтерлік инновациялық тәжірибелерді қалыптастыру мен таратуға 2010 жылы құрылған Ұлттық волонтерлік желі (ҰВЖ) айтарлықтай үлес қосты. ҰВЖ-ның миссиясы азаматтар, азаматтық қоғам институттары, бизнес секторы мен мемлекеттік құрылымдар арасында волонтерлік мәдениетті, волонтерлік бастамаларды және волонтерлік қызметті қалыптастыру, қолдау және дамыту болып табылады. 2017 жылы «Волонтерлік қызмет туралы» заңның қабылдануы жетістіктердің бірі болды, онда волонтерлік қызметтің құқықтық негіздері, мақсаттары мен міндеттері, қағидалары, нысандары мен түрлері, сондай-ақ қолдау шаралары белгіленді. Сөйтіп, Қазақстанда волонтерлік қызметті жүйелі дамыту үшін негізін қалай отырып, 2020 жыл Волонтерлер жылы болып белгіленді.

Ең алдымен, волонтерлікті дамыту үшін жеті басым бағыт анықталды: BIRGEMIZASYL MURA, BIRGEMIZ BILIM, BIRGEMIZ SABAQTASTYQ, BIRGEMIZ SAYLYQ, BIRGEMIZ TAZA ALEM, BIRGEMIZ QAMQOR, BIRGEMIZ UMIT. Осы бағыттардың әрқайсысы бойынша Салалық волонтерлікті дамыту бойынша нұсқаулық, сондай-ақ Волонтерлік қызметті дамыту және Волонтер жылын өткізу бойынша нұсқаулық әзірленді.

Салалық волонтерлікті дамыту бойынша нұсқаулық үш бөлімнен тұрады:

1) жеті нұсқаулықтың әрқайсысында қайталанатын жалпы тәжірибелер сипатталған бөлім;

2) ерекшелігіне байланысты өзгешеленетін жеті бағыттардың бірі бойынша волонтерлікті дамыту жөніндегі бөлім; және

3) осы салада волонтер болғысы келетін адамдарға арналған бөлім.

«Волонтерліктің жалпы тәжірибесі» бірінші бөлімі жалпы волонтерлікті сипаттайтын кіші бөлімдерді қамтиды – волонтерліктің негізгі ұғымдары, даму тарихы, волонтерлік қызмет туралы аңыздар және әлемдегі волонтерлік бағыттары, сондай-ақ волонтерлер қандай бағыттарға тартылады.

«Волонтерлермен жұмыс істеу стратегиясы» кіші бөлімі волонтерлерді ынталандыру және ұстап қалу тәсілдері мен олардың қызметін қамтамасыз ету ережелерін сипаттай отырып, оларды тартудан жұмысты аяқтауға дейін – волонтерлермен өзара әрекеттесу кезеңіне толығырақ тоқталады.

«Волонтерлікті ақпараттық ілгерілету» кіші бөлімінде ақпараттандыру арналары, оның ішінде жаңа БАҚ (әлеуметтік желілер) арқылы ақпараттандыру ерекшеліктері егжей-тегжейлі сипатталады. Хабарламаны тұжырымдау және баспасөз релиздерін жасау бойынша қосымша ұсыныстар беріледі.

Волонтерлікті дамыту жөніндегі жалпы тәжірибелерге Волонтерлікті қолдау стандартын әзірлеу кіреді. Қазіргі уақытта Қазақстанда аталған стандарт жоқ, бірақ Ресей Федерациясының мысалы келтіріледі, оған сүйене отырып, волонтерлік қызметті дамытудың өңірлік жоспарларын әзірлеуге болады.

«Волонтерлік қызметті басым бағыт бойынша дамыту: BIRGEMIZ ASYL MURA» екінші бөлімі тарихи-мәдени мұраны сақтау саласындағы волонтерлерді тарту үшін мақсат пен ықтимал бағыттарды, мәдениет саласындағы волонтерлік жобаны түрлі деңгейде – облыстан бастап нақты мәдениетке-мәсіне немесе коммерциялық емес ұйымға дейін іске қосу қадамдарын, тәуекелдері мен артықшылықтарын сипаттайды.

«Егер мен басым бағыттағы волонтер болғым келсе: BIRGEMIZ ASYL MURA» үшінші бөлімі волонтер болуды ойлап жүрген немесе ниет білдірген, бірақ бағытты қалай таңдау керектігін, алғашқы қадамдарды неден бастау керектігін және мәдениет бағытын таңдаған жағдайда, қандай мүмкіндіктер бар екенін білмейтін адамдарға арналған.

Мысал үшін волонтерлермен жұмыс істеуге қажетті түрлі құжаттар қосымшалар ретінде ұсынылады – сауалнама, келісім, шақыру ұнпарағы, қауіпсіздік техникасы, игі істердің әлеуетті тізімі және күнделік. Сонымен қоса, волонтерлік қызметті дамыту бойынша қосымша ресурстар тізімі және аталған бағыт бойынша серіктес ұйымдардың тізімі ұсынылды.

I БӨЛІМ.

ВОЛОНТЕРЛІКТІҢ ЖАЛПЫ ТӘЖІРИБЕСІ



ВОЛОНТЕРЛІК ТУРАЛЫ

«ВОЛОНТЕРЛІК» ҰҒЫМЫ

Алдымен «волонтер» және «волонтерлік» ұғымдарын анықтау қажет.

ВОЛОНТЕР - ерікті түрде, өз ниеттерін негізге ала отырып, қоғам игілігі үшін жұмысқа қатысатын адам.

ВОЛОНТЕРЛІК – басқа адамдардың игілігі үшін ақы төленбейтін, саналы, ерікті қызмет.

Осы қарапайым анықтамаларда терең мағына бар және жеке алынған ұйымда немесе ұлттық деңгейде волонтерлікті дамытудың жетістігі оларды түсінуге тікелей байланысты.

Ақы төленбейтін қызмет – яғни волонтер жұмсалған күш-жігері үшін материалдық өтем алуды көздемейді. Бірақ, әр волонтер өз қызметінің нәтижесін күтеді - өзін-өзі таныту, орындалған жұмыспен қанағаттану, оқу, даму және т.б.

Саналы - яғни волонтер қандай жұмысқа алынатынын, не істегісі келетінін және оның тырысуының мақсаты қандай екенін түсінуге тиіс.

Ерікті – яғни кез келген санкциялардың ашық немесе жасырын қауіпімен «волонтерлердің» қатысуын талап ететін қандай да бір іс-шаралар (есепке алмау, басшылықпен байланысты проблемалар, аударымдар, мансаптық өсудегі зияндар және т.б.) шын мәнінде волонтерлік болып табылмайды.

Басқа адамдардың игілігі үшін – яғни волонтерлер қызметінің нәтижесінде басқа адамдардың өмірі мен денсаулығының сапасында, қоршаған ортада, мәдениет немесе қауіпсіздік деңгейінде оң өзгерістер болады.

Егер осы сипаттардың кез келгені жоғалған болса, біз бұны волонтерлік деп атай алмаймыз, оны басқаша атауымыз керек.



ВОЛОНТЕРЛІКТІҢ ТАРИХЫ

Қызықтысы, бастапқыда «волонтер» термині әскери сипатқа ие болды, соғыс іс-қимылдары кезінде әскерге қосылған еріктілерді солай атады. 19-ғасырдың екінші жартысында ғана өзін соғыс іс-қимылдарының қатысушылары мен құрбандарына – жараланған, қиын жағдайда қалған, жетім қалған адамдарға риясыз көмек көрсетуге арнаған ерікті ұйымдар пайда болды. Он тоғызыншы ғасырда АҚШ-та көбінесе мұқтаждар үшін жәрдем жинаған қайырымдылық ұйымдары болды. Бірақ ғасырдың ортасында ерікті топтар пайда бола бастады, олар сарбаздарға арналған киімдер тігіп, жараланғандарға, соғыста асыраушысынан айырылған отбасыларға көмек көрсетті. 1881 жылы Сара Бартон Американдық қызыл крест ұйымдастырды. XX ғасырдың басында «волонтер» сөзі көбінесе мұқтаждарға риясыз көмек көрсетумен байланысты болды. Ұлы де-

прессия кезеңі халықтың түрлі проблемаларын шешуге бағытталған волонтерлік қызметті кең көлемде, ел ауқымында үйлестірудің алғашқы күш-жігерін туғызды. Екінші дүниежүзілік соғыс сарбаздардың отбасыларына көмек көрсететін, жараланғандарды күтетін, демалушылардың бос уақытын ұйымдастыратын, әскер үшін киім жинайтын көптеген волонтерлік ұйымдардың пайда болуына алып келді.

Біртіндеп волонтерлік қызмет өз шегін кеңейтті, волонтерлік қызметтің спектрі қазіргі уақытта қоғам өмірінің барлық қырларын қамтиды. Волонтерлер түрлі мұражайларға келушілер үшін (жергілікті шағын мұражайлардан бастап Лувр сияқты ірі мұражайларға дейін), туристер үшін (интернетте Лондон немесе Санкт-Петербург бойынша гид-волонтерлерді табуға болады) экскурсиялар

өткізеді, хайуанаттар бақтарында жануарларды тамақтандырады (көптеген жануарларды күту үшін волонтерлер бекітілген, олар оларды тамақтандыру және тазалау үшін өздеріне ыңғайлы кесте бойынша келіп отырады). Қоршаған ортаны қорғауға байланысты волонтерлік қызмет ерекше атап өтуге лайық – оған экологиялық сенбіліктер, қоқыстарды сұрыптау, қыста жануарларды қоректендіру және ерікті қызметтің басқа да көптеген түрлері кіреді.

Аталған бағыттардың көбісі Қазақстанда да дамып келеді, мұнда волонтерлік қызмет 90-шы жылдардың ортасынан бастап, үкіметтік емес (коммерциялық емес) ұйымдардың пайда болуы мен дамуынан басталды. Халықаралық волонтерлер жылы деп жарияланған 2001 жылы Қазақстанда волонтерлік ұйымдар немесе волонтерлерді өз миссияларын іске асыруға тартатын ұйымдар болды.

Басқа адамдарға ерікті көмек көрсету идеясының өзі - Қазақстан тарихы мен ұлттық мәде-

ниетінің бір бөлігі. Қазақ халқының өзара көмек көрсету дәстүрі (асар) де, өрттен зардап шеккендерге немесе тұрмысы төмен адамдарға киім жинау да, туысы болып табылмайтын, әлсіз көршілеріне өз еркімен күтім жасау да – осы негізде волонтерлік табиғи түрде құрылып, ел мәдениетінің бір бөлігіне айналады. Қазір волонтерлік көбінесе қоғамдық үкіметтік емес ұйымдармен (ҮЕҰ) ассоциацияланады, алайда Қазақстанда хоспистерге, ауруханаларға, полицияларға, балалар үйлеріне қандай да бір ресми ұйымдарға қатысусыз көмектесетін көптеген волонтерлер бар. Олар бұны жүрек қалауы бойынша, діни нанымдарына сәйкес, әртүрлі себептермен жасайды. ең бастысы – оларды риясыз пайда тигізу ниеті біріктіреді.

Әр жастағы адамдар қоғамдық пайдалы жұмысқа тартылған және әр адам кез келген уақытта, кез келген ұйымға көмектесе алады. Волонтерлер ерқашан қажет!!!



ВОЛОНТЕРЛІК ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ АҢЫЗДАР

№1 аңыз

Волонтер – бұл тегін жұмыс күші.

Волонтерлікке түрлі ниеттермен келеді - мұқтаждарға көмектесуден бастап мансаптық өсуге дейін. Оларды тегін жұмыс күші ретінде қабылдауға болмайды. Волонтерлермен ынтымақтастық белгілі бір қызметті орындауға өзара келісімге негізделеді. Волонтерлер ол үшін жалақы алмайды, бірақ олар алғыс сөздер, жаңа дағдылар, ұсыным хаттар және жұмысқа орналасу мүмкіндігіне ие болады.

№2 аңыз

Волонтерлік – жастар, белсенді студенттерге арналған.

Әрине, жастар мен студенттерді жинау оңай, себебі олар оқу орындарында ұйымдастырылған. Дегенмен, отбасы мен жұмысы бар қалыптасқан адамдардың немесе зейнетке шыққан ересек адамдардың да волонтер болып, қоғамға пайда әкелуге және өмірдің жаңа қырларын ашуға мүмкіндіктері бар.

№3 аңыз

Волонтерлер әрқашан және барлық жерде қолжетімді.

Кейбір ұйымдардың арасында волонтерлерді үнпарақшаларды таратуға, үй- жайларды тазалауға немесе қандай да бір іс-шараны ұйымдастыруға бір қоңырау соғу арқылы шақыруға болады деген пікір бар.

Алайда, волонтерлер - бұл ҰЕҰ-ға өз еркімен келетін немесе іс-шараға өтінім беретін, өз басымдықтары мен ниеттері бар адамдар. Қарт адамдарға көмектесуге ниет білдірген адамға, флешмобта шарлар тарат немесе сенбілікке қатыс деп бұйрық беруге болмайды.

№4 аңыз

Волонтерлерді тартудың бес тиындық құны жоқ.

Алайда, бұл толыққанды жұмыс – жарнаманы ұйымдастыру, уақыт, әлеуметтік желілердегі жарияланымдар, қоңыраулар, брендтелген футболкаларға тапсырыс беру, көлікпен қамтамасыз ету, сыйлықтар дайындау және тағы басқалары – осының бәрін ақшалай баламаға немесе еңбек сағаттарына ауыстыруға болады.



№5 аңыз

Волонтерлерді ұйымдастырудың қажеті жоқ, олар өздері бәрін біледі.

Өз қызметін шын мәнінде өз бетінше, мысалы, көршілеріне көмек көрсете отырып ұйымдастыратын волонтерлер бар. Алайда, іс-шараларды өткізу, жобаларды іске асыру үшін жоспарды белгілеу, жауапкершілікті бөлу, орындалуын қадағалау маңызды – осыншама міндеттерді шешу үшін бір-екі адам қажет. Сондықтан Қазақстанда әкімшілік функцияларды жүзеге асыратын, адамдарға волонтерлер болуға көмектесетін, үйрететін, қолдайтын және олардың қызметін үйлестіретін түрлі ҰЕҰ бар.

№6 аңыз

Волонтерлік көп уақытты талап етеді.

Бұл волонтерде уақыттың болуына, сондай-ақ волонтер айналысқысы келетін қызмет түріне байланысты. Аптасына бір сағат жануарларға арналған баспанада иттерді серуендетуге көмектесуге болады немесе аптасына үш рет балалар үйлерінде тоқу бойынша сабақтар өткізуге немесе жылына бірнеше рет мәдени не спорттық іс-шараларды ұйымдастыруда қатысуға, тіпті бір рет ҰЕҰ үшін веб-сайтты тегін әзірлеуге болады. Не істеуді ұнататынын немесе кәсіби және сапалы түрде не істей алатынын және басқа адамдарға қанша бос уақыт арнауға дайын екенін түсіну жеткілікті. Волонтерлердің бір сағаты да маңызды!

№7 аңыз

Волонтер бірден бүкіл әлемді құтқаруы тиіс!

Барлығына бірден көмек көрсету мүмкін емес. Бұл кез келген адам, волонтер және тіпті халықаралық ұйым үшін аса ауыр міндет. Егер волонтерлер өз бетінше әрекет етсе, тіпті бір отбасына да көмек көрсету маңызды. Егер волонтерлер ұйымнан жұмыс істесе, онда үйлестірушілер нақты міндет қойып, жауапкершілікті барлық қатысушылардың арасында бөледі.

Волонтерлер не үшін керек?

№8 аңыз

Мемлекет осы мәселелердің барлығын шешуі тиіс.

Мемлекеттік бағдарламалар барлық мақсатты топқа жетпейтін немесе халық шенеуніктерге сенбейтін жағдайлар болады, сонымен қатар мемлекеттік көмек берілмейтін (азаматтығы жоқ адамдар) халық топтары бар. Дәл осындай жағдайларда волонтерлер немесе қоғамдық ұйымдар пайда болады. Волонтерлер мемлекеттің серіктестері болып, бірлескен жобалары мен бастамалары арқылы қоғам мен мемлекет арасында сенім атмосферасын құрады.



ВОЛОНТЕРЛІКТЕГІ ӘЛЕМДІК ТРЕНДТЕР

Қазіргі уақытта әлемдік деңгейде волонтерлікпен көптеген халықаралық ұйымдар айналысады. Ең алдымен, бұл БҰҰ-ның «БҰҰ еріктілері» (UNV) бөлімшесі, ол үш жылда бір рет волонтерлік бойынша есеп жариялайды.

Жаһандық волонтерліктің ең толық бағалауы бойынша бүгінгі күні ерікті жұмыс күші - толық жұмыс күні жұмыс істейтін қызметкерлердің 109 миллион эквивалентін құрайды.

Волонтерліктің нысаны мен ауқымы мәнмәтінге байланысты ерекшеленеді.

Мысалы, бейресми волонтерлік барлық өңірлерде ресми волонтерліктен басым болса да, оған Африкадағы ерікті қызметтің 90 пайызы жатады, бірақ Солтүстік Америка мен Азия-Тынық мұхиты өңірінде ол шамамен 60 пайызды құрайды. Ресми (ұйымдар негізінде) волонтерлікке қатысу елдегі волонтерлерді жұмылдыратын ұйымдардың санына, сондай-ақ институционалдық тетіктердегі айырмашылықтарға байланысты болуы мүмкін. Табыс деңгейі неғұрлым жоғары елдерде, әдетте, ресми ерікті ұйымдардың шоғырлануы жоғары және демек, мұндай қызметке қатысу үшін мүмкіндіктер көбірек.

Табиғи апаттар үшін волонтерлер

Волонтерлер құтқарушыларға да, зардап шеккен тұрғындарға да баға жетпес көмек көрсете отырып, табиғи апаттар аймақтарында үлкен рөл атқарады. Төтенше жағдайларды жоюға шұғыл әрекет ету қызметтеріне жәрдемдесуден басқа, волонтерлер халық арасында қауіпсіздік мәдениетін танымал етуге қатысады.

Қоршаған орта үшін волонтерлер.

Көмек жерді қайта құнарландыру, аумақтарды тазалау, сондай-ақ қалаларда, ауылдық жерлерде және қорықтарда қоршаған ортаны сақтау және қорғау бойынша іс-шаралар жүргізу кезінде көрсетіледі.

Денсаулық сақтау мен әлеуметтік қорғаудағы волонтерлер.

Еуропалық мемлекеттерде медициналық мекемелер мен әлеуметтік сала ұйымдары волонтерлер үшін қосымша орындар бөледі. Денсаулық сақтау саласындағы ерікті қызмет түрлі кезеңдерде: профилактикалық, емдік, оңалту, сондай-ақ қан мен оның компоненттерін өтеусіз тапсыру және донорлықты насихаттау кезінде қажет.

*** Басқа волонтерлік бағдарламалардан айырмашылығы заңнамалық түрде белгіленген анықтамаларда: қандай ұйымдар, қандай уақытқа және қандай қызмет түрлері үшін волонтерлерді тарта алады.



Ірі мәдени және спорттық іс-шаралардағы волонтерлер.

Алматы қаласында өткен «Универсиада-2017» 28-ші қысқы студенттік ойындарында 18-ден 80 жасқа дейінгі 3 000 волонтер жұмыс істеді, олардың 100 волонтері - шетелдіктер. Қабылдау кезінде 14 мыңнан астам өтінім берілді. Волонтерлер спортшыларды, қатысушыларды, төрешілерді және басқа да адамдарды қарсы алды. Сондай-ақ, волонтерлер баспасөз орталығында көмектесті, олардың міндеттеріне БАҚ-ты үйлестіру және журналистермен жұмыс істеу кірді. Ұйымдастырушылар халықаралық волонтерлерге лайықты жағдайлар жасады: тегін тұру, тамақтану, көлік және киім. Волонтерлер қызметтің 30-дан астам функционалдық бағыттарында жұмыс істеді: спорттық жарыстарда, кіруді бақылау, тасымалдау, орналастыру, аккредиттеу, қауіпсіздік, медициналық көмек қызметтерінің учаскелерінде, мәдени іс-шараларда, атлетикалық ауылда, көрермендермен жұмыста және т.б. қызмет атқарды.

Кәсіпқой волонтерлер (ProBono).

Өзінің кәсіби көмегін тегін ұсынатын волонтерлер - әлемнің түрлі елдерінде кең тараған құбылыс. Инженерлер, сәулетшілер, дәрігерлер, педагогтар, психологтар, актерлер – олардың барлығы өздерінің кәсіби саласында волонтерлер болып жұмыс істей отырып, коммерциялық емес секторды дамытуға көмектеседі.

Виртуалды волонтерлер.

Волонтерлер онлайн жұмыс істей отырып, өз қызметін қашықтықтан іске асыра алады. Бұл виртуалды

жобаның бір бөлігі немесе қашықтағы жерден жалпы жұмысқа үлес болуы мүмкін. Мұндай волонтерлік қызметке мүмкіндігі шектеулі адамдар жиі қатысады.

Қоғамға қызмет көрсету арқылы оқыту.

Көптеген білім беру мекемелері волонтерлік қызметпен айналысатын студенттерге балл (кредиттер) есептеп қосады.

Корпоративтік волонтерлік.

Көптеген ірі америкалық корпорациялар өз қызметкерлеріне ақылы жұмыс уақытында белгілі бір сағат санын қоғамға қызмет етуге, қайырымдылық жобаларына және т.б. қатысуға арнауға мүмкіндік береді. Жұмыс беруші қолдайтын, волонтерлердің осы формалды бағдарламалары - бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі шеңберіндегі күш-жігердің бір бөлігі.

Шетелдегі волонтерлер.

Дамушы елдерде волонтерлік қызмет кеңінен дамуда. Волонтерлер ағылшын тілін оқытады, балалар үйлерінде, экологиялық жобаларда жұмыс істейді, медициналық мекемелер мен үкіметтік емес ұйымдарға көмектеседі. Шетелде волонтерлер ретінде АҚШ, Канада, Ұлыбритания, көптеген еуропалық мемлекеттердің азаматтары жұмыс істейді.

Қызметтің аталған салалары - әртүрлі елдерде дамыған волонтерлік қызмет нұсқаларының толық сипаттамасы емес. Әрине, бағыттардың тізімі үнемі дамып, толықтырылып отырады:



- 1. Медиа-волонтерлік.** Әлеуметтік жобаларды ақпараттық жариялау, волонтерлік қозғалысты танымал ету жөніндегі ерікті қызмет.
- 2. Жануарлармен волонтерлік.** Жануарларды қорғауға және оларға көмек көрсетуге бағытталған ерікті қызмет.
- 3. Мәдени волонтерлік** (өнер саласындағы волонтерлік). Мәдени игіліктерді сақтауға және ілгерілетуге, мәдени кеңістіктердің ашықтығы мен қолжетімділігі атмосферасын құруға, мәдени бірегейлікті қалыптастыруға, жастар арасында мәдени саланы танымал етуге және тарихи жадыны сақтауға бағытталған ерікті қызмет.
- 4. Спорттық волонтерлік.** Салауатты өмір салтын, спортты насихаттауға, жағымсыз көріністердің, зиянды әдеттердің алдын алуға бағытталған ерікті қызмет.
- 5. Этно-волонтерлік.** Халықтар арасындағы бейбітшілікті, достық пен келісімді нығайтуға, әлеуметтік, ұлтаралық, конфессияаралық, этносаралық, діни жанжалдардың алдын алуға қатысу.
- 6. IT-волонтерлік.** Коммерциялық емес ұйымдарға, қайырымдылық қорларына және басқа да әлеуметтік жобаларға дизайнмен, сайттарды жасаумен және жылжытумен, қосымшалар әзірлеумен және сол сияқты нәрселермен байланысты жоғары технологиялық көмек.

Волонтерліктің осы түрлерінің көбісі Қазақстанда бар, кейбіреулері волонтерлік қозғалыс картасында әлі өз орнын табуы тиіс. 2020 жылы, Волонтер жылында, Қазақстанда белгіленген жеті бағыт аясында түрлі жоспарлар мен бағдарламаларды іске асыру мүмкіндігі пайда болды:

1) BIRGEMIZ SAYLYQ



Волонтерлерді денсаулықты қорғау саласына тарту, науқастарды күтуде, оның ішінде хоспистерде, онкологиялық диспансерлерде көмек көрсету және т.б. бойынша «BIRGEMIZ: SAYLYQ» жалпыұлттық жобасы.

2) BIRGEMIZ BILIM



«ҰБТ-ға дайындық, ауылдық жерлердегі орта мектептердің жоғары сынып оқушыларын ағылшын тіліне, компьютерлік және құқықтық сауаттылыққа оқыту бойынша волонтерлік көмек көрсету жөніндегі «BIRGEMIZ: BILIM» жалпыұлттық жобасы.

3) BIRGEMIZ SABAQTASTYQ



Балалар үйлеріндегі балаларға және халықты әлеуметтік қорғау жүйесіне әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарындағы өмірлік қиын жағдайда қалған жастарға, балаларға қатысты волонтерлердің тәлімгерлік тәжірибесін енгізу бойынша «Birgemiz: SABAQTASTYQ» жалпыұлттық жобасы.

4) BIRGEMIZ ASYL MURA



Тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау бойынша «BIRGEMIZ: ASYL MURA» жалпыұлттық жобасы.

5) BIRGEMIZ TAZA ALEM



Қоршаған ортаны қорғау, өзендер мен ормандарды тазалау, ағаш отырғызу, қоқыстарды іріктеуді үйрету бойынша «BIRGEMIZ: TAZA ALEM» жалпыұлттық жобасы.

6) BIRGEMIZ QAMQOR



Волонтерлерді қарттар үйлеріне, халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарына тарту бойынша «BIRGEMIZ: QAMQOR» жалпыұлттық жобасы.

7) BIRGEMIZ UMIT



Жоғалған адамдарды іздеу, апаттар қауіп-қатерін төмендету, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жою бойынша, оның ішінде біздің отандастарымыздың Ұлы Отан соғысындағы ерліктері туралы баяндайтын құжаттарды іздестіру жөніндегі жобаларға волонтерлерді тарту бойынша «BIRGEMIZ: UMIT» жалпыұлттық жобасы.

ВОЛОНТЕРЛЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ СТРАТЕГИЯСЫ

ВОЛОНТЕРЛЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ СТРАТЕГИЯСЫ НЕ ҮШІН ҚАЗЖЕТ?

Волонтерлерді тартудың екі жағы бар – сұраныс пен ұсыныс. Қазақстан қоғамдық ұйымдарының волонтерлерге қажеттілігі олардағы волонтерлердің санына қарағанда әлдеқайда көп. Екінші жағынан - мәселе тікелей қарама-қарсы. Өртүрлі жастағы және түрлі әлеуметтік топтардың көптеген адамдары өз әлеуетін іске асыруға немесе волонтер ретінде жұмыс істей отырып, тәжірибе жинақтауға қуанышты болар еді. Бірақ олар қайда жүгінетінін білмейді, волонтерлерді қажет ететін қоғамдық ұйымдар туралы ақпараты жоқ.

Оның себебі неде? Ең алдымен, ұйымдар көбінесе волонтерлермен жұмыс істеу стратегиясын ойластырмайды және нәтижесінде, волонтерлерді басқа ешкім істемейтін немесе істегісі келмейтін қызмет үшін немесе көзге түсетін мағынадан айырылған жұмыс үшін (қағаздар тасу, оларды бірдей бумаларға бөлшектеу, атаулары бойынша сұрыптау және т.б.) пайдаланады. Осының салдарынан волонтерлер тұрақтамайды немесе ұйымға қайтып келмейді.

Міне, ұйымның волонтерлерден айрылуы немесе, керісінше, ұстап қалуы үшін бірнеше негізгі себептер бар.

МҰНДА ВОЛОНТЕРЛЕР ҰЗАҚ УАҚЫТҚА ТҰРАҚТАМАЙДЫ.	ВОЛОНТЕРЛЕР ӘРДАЙЫМ БОЛАДЫ. КӨПТЕГЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЕН СЕРІКТЕСТЕР ВОЛОНТЕРЛІКТЕН БАСТАДЫ
Біз волонтерлерге ақы төлемейтіндіктен, оларға жауапты нәрсе тапсыра алмаймыз.	Волонтерлер төлемнің орнына білім, жұмыс тәжірибесін, қызметтер, өзін-өзі таныту, пайдалылықты сезу және т.б. алады. Бұл оларды тартуды жоспарлау кезеңінде айқындалып, одан кейін келісімде бекітуге болатын жауапкершілік ұғымы сияқты, әр жаңа волонтермен талқылануы тиіс.
Олар күнде келмейді. Оларда біресе сессия, біресе жұмыс...	Ең басынан бастап волонтер қай күндері және аптасына неше сағат бөлуге дайын екені анықталды және осы сағаттарды қалай барынша пайдалы етіп өткізу жоспарланды.
Волонтерге оңай түзетуге болатын, орындаушының жұмысын ғана тапсыруға болады. Олар бәрібір ештеңе білмейді.	Волонтерлер әртүрлі, соның ішінде кәсіпқой – табысты, дамыған дағдылары бар болуы мүмкін. Волонтерлердің жұмысы ұйымның үміттері мен қажеттіліктеріне барынша сәйкес келуі үшін, әр волонтерге оқу және барлық қажетті материалдарды алу маңызды.
Волонтерлерге ұйымның немен айналысатынын білу, талқылауға қатысу және өз идеяларын енгізу міндетті емес – олар мұнда уақытша.	Біріншіден, волонтерді алдағы қызметімен таныстыру керек. Бұл әрдайым жарнама мен ресурстарды тартудың қосымша мүмкіндігі. Волонтердің жоспарлауға қатысуы және оның идеялары штаттағы қызметкердің идеясынан кем емес, әсіресе, егер волонтер оларды әзірлеп, іске асыруға кіріссе.

Волонтерлермен жұмыс істеуі тиісті деңгейге қойылған ұйымдардың оң тәжірибесі азаматтық қоғамның дамуына әсер ететін кем дегенде төрт факторды көрсетеді:

1. Жақсы дайындалған және дәлелді волонтерлер ұйым қызметінің тиімділігін арттырады, іске асырылатын жобалардың жоғары сапасын қамтамасыз етеді.
2. Волонтерлер қатарынан команданың бір бөлігі болып табылатын, болашақ штаттық қызметкерлер іріктеледі.
3. Волонтерлердің арқасында аумақтармен, мақсатты топпен жұмыс істеу, ірі акциялар мен іс-шаралар үшін ресурстар тарту жеңілдетіледі.
4. Волонтерлердің оқу және тұрақты жұмыс орындарында үшінші сектордың қызметін насихаттау, ұйымға (ротацияға) «жаңа қанның» тұрақты ағымын қамтамасыз ететін жаңа волонтерлерді қабылдау жүріп жатыр.

ВОЛОНТЕРЛЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ

I КЕЗЕҢ. ДАЙЫНДЫҚ

Волонтерлерді қабылдау алдында, ұйымдар келесі сұрақтарға жауап беруі керек:

1. Сіздің ұйымыңыз қазір қандай бағдарламаларды іске асырады және жоспарлайды?
2. Сізге волонтерлер қандай жобалар үшін қажет?
3. Сіздің ұйымыңызда волонтерлердің жұмысы тұрақты бола ма немесе сіз оларды қысқа мерзімді жобалар үшін тартасыз ба?
4. Сіздің ұйымыңызда волонтерлердің жұмысын кім үйлестіреді?
5. Волонтерлердің жұмысын жоспарлауға кім тартылады?
6. Сізге нақты кім қажет? (жасы, мамандануы және т.б.) Волонтерлерге қойылатын талаптар қандай?
7. Волонтерлер сіздің ұйымыңызда жұмыс жасаудан не ұтады? Болашақта сіз оған не ұсына аласыз?
8. Сіз волонтерлерді қалай тартасыз және оларды қалай іріктейсіз?
9. Волонтерлердің қалып, өз міндеттерін орындауы үшін не істейсіз?
10. Қандай да бір волонтердің қызметтерінен бас тартуға не себеп болуы мүмкін?



ҚАНДАЙ ВОЛОНТЕРЛЕР ҚАЖЕТ?

Дегенмен, волонтерлер жұмысының маңыздылығын мойындай отырып, оларды саналы, ойластырып және ұйым қызметінің жоспарлары аясында тарту қажет екенін түсіну маңызды. Егер ұйым волонтердің не үшін қажет екенін ғана емес, сонымен бірге волонтерге ол не үшін қажет екенін анық түсінсе, бұл мүмкін болады.

Егер волонтерлерді ойсыз және қандай да бір жоспардан тыс жұмысқа тартса, қандай мәселелер туындайды?

- «Барлық тілек білдірушілерді» шақыру. Ұйым жастарды осы жағдайда талап етілетін бір жолғы акцияға қатысу үшін емес, өзінің жобалық қызметіне қатысуға шақырады. Шамамен 20 адам келіп, екі апта ішінде олар үшін көптеген қызықты жұмыстар бар. Акция өтті, ал жастар келуді жалғастыруда, бірақ ұйымның жоспарланған жұмыстары жоқ, волонтерлермен жұмыс істеуге жауапты арнайы тағайындалған адам жоқ. Нәтижесі - белгілі бір мерзім ішінде кеңсеге 5-тен 15-ке дейін жігіттер мен қыздар сықылықтап күліп отыру үшін келеді ... Олар пайдалы бірдеңе жасауға риза болар еді, бірақ жұмыс жоқ және олар қызметкерлерге кедергі келтіретінін түсінеді. Біраз уақыттан кейін олардың барлығы кетеді, дегенмен 3-4 адамға жұмыстың табылуы сөзсіз. Келесі акцияға олар, бәлкім, келмейді. Не болып қалды? Мұқият ойланбай жасалған, жастарды қандай мақсатта шақырғанын нақтылаусыз, «Біржолата» шақыру.
- Волонтерлерді тек қана техникалық жұмысқа тарту. «Мына қағаздарды алып, ана жерге апар. Мына қағаздарды ана папкаларға сал». Құлшыныс тез жоғалып кетеді, әсіресе, жастарға «осы қағаздарды салу» қаншалықты МАҢЫЗДЫ екенін ешкім түсіндірмесе.
- Волонтерлерді қызметкерлермен тең дәрежеде пайдалану әрекеті – жұмыс уақытын толық жүктеуді талап ететін талаптар, тапсырмалар беру. Волонтерде «неге мен ақылы қызметкерлермен бірдей жұмыс жасай отырып, оны тегін істеймін?» деген сұрақ туындайды.

- Сонымен, барлық жоспарлаған ұйым волонтерлерді дайындай отырып, олардан толық қайтарым алатындай, кенеттен волонтерлерсіз қалады...өйткені олар құрдастар, бір мезгілде мектепті немесе институтты бітіргендіктен, енді осы ұйымның волонтерлері болып қала алмайды. Енді жаңа буынды жинау және оқыту үшін бір жыл қажет.

Волонтерлер ретінде жұмыс істейтін ересектердің немесе қарт адамдардың жағдайы біршама жеңілірек. Көбіне, бұл анық жоспарланған жұмысты орындау үшін тартылған кәсіпқойлар (медиктер, компьютерлер бойынша мамандар, психологтар және т.б.) немесе өздерінің пайдалылығын көретін жерлерге өз қызметтерін ұсынған мақсатты топтың өкілдері. Дегенмен, егер оларды тұрақты штатпен шатастырса немесе олар үшін нақты қызмет жоспары болмаса, олардан да айрылып қалуға болады.

Волонтерлік барлық ниет білдірушілер үшін қолжетімді болуы тиіс, оған қоса, бұған дейін айтылғандай, ұйымның жұмысына мақсатты топ пен мүдделі ортаның волонтерлер ретінде қатысуы халықты ақпараттандыруға және ұйымның жағымды бейнесін қалыптастыруға ықпал етеді. Сондықтан, қатысушылардың барынша кең спектрінің жұмысқа қатысу мүмкіндігін көре білу маңызды.

Дегенмен, ұйымдағы барлық рөл әр қатысушыға жарай бермейді. Біреулер жобаға көп уақыт жұмсай алмайды, біреулер көпшілік алдында сөз сөйлеуді айтпағанның өзінде, назарда болуда өзін сенімсіз сезінеді. Біреу компьютерде тізімдерді қалыптастырып, қатысушылар мен жобаларды онлайн тіркеуді қамтамасыз ете отырып, өзін бақытты сезінеді. Әрине, оқыту барысында волонтерлер аудиториямен жұмыс істеу, келіс-сөздер жүргізу, мәселелерді шешу және модерациялау дағдыларын дамыта алады, бірақ соған қарамастан, бар дағдыларын және қолайлы қызмет түрлерін ескерген жөн. Сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі немесе жұмыс қабілеті жоқ волонтерлердің өзін-өзі танытуы үшін көптеген нұсқалар бар. Бұл интернетте немесе телефонда жұмыс істеу, үйде шай ішуді ұйымдастыру (көп балалы аналарды қолдау тобы) және сертифицикаттар толтыру немесе ақпараттық хаттарды/алғыс хаттарды пошта арқылы тарату.

НҰСҚА РЕТІНДЕ: ВОЛОНТЕРДІҢ ПОРТРЕТІН ЖАСАҢЫЗ

Өздері үшін және жоба үшін тапсырманы сәтті әрі ыңғайлы орындауға волонтердің қандай қасиеттері болуы керек екенін елестетіп көріңіз. Келесі параметрлерге назар аударыңыз:

БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ, ДАҒДЫ.

Осы жұмысты орындау үшін қандай арнайы білім, білік және дағды қажет екенін анықтау (бейнередактормен жұмыс істей білу, жатқан науқастарды күту дағдысы, қарт адамдардың психологиясын білу, техникамен жұмыс істеу тәжірибесі, тілді меңгеру және т. б.).

ФИЗИКАЛЫҚ ПАРАМЕТРЛЕР.

Осы міндетті орындау үшін физикалық ерекшеліктерді (жақсы сөйлеу, шыдамдылық және күш, волонтерлердің жынысы маңызды ма, бұл міндетті мүмкіндігі шектеулі адам орындай ала ма, адамда аллергия жоқ па және т.б.) бағалау.



Жеке тұлға мен мінез-құлықтың психологиялық ерекшеліктері мен қағидалары. Осы тапсырманы орындау үшін мінездің қандай да бір ерекшеліктері маңыздылығын ойлау. Бұл әсіресе адамдармен өзара қарым-қатынас кезінде маңызды (ол балалармен қарым-қатынас жасай ала ма, ол ұзақ уақыт қарым-қатынасқа шыдай ала ма, қарт адамдарға қатысты шыдамды ма, мүмкіндігі шектеулі адамдармен қарым-қатынас кезінде оған қолайлы ма және т. б.).

МАМАНДАНУ.

Оны кәсіпқой орындауды қажет ететін міндеттің бар-жоқтығын анықтаңыз (оңалту дәрігері, заңгер немесе бухгалтер қажет пе және т.б.).

II КЕЗЕҢ. ВОЛОНТЕРЛЕРДІ ҚАБЫЛДАУ

Қандай волонтерлер қажет екенін анықтап, олардың қай жерде – оқу орындарында, кәсіпорындарда, белгілі бір ұйымдарда/мекемелерде және т.б. орналасқанын және оларды қалай – сөз сөйлеулер, үнпарақтар, сұхбаттар, іс-шаралар арқылы қабылдау керек екенін түсіну маңызды.

Волонтерлерді қабылдаудың бастапқы көздерінің бірі - волонтерлік идеясына қосылатын немесе әлдеқашан тартылған волонтерлермен бірге келетін таныстар, достар болып табылады. Волонтерлер көбінесе мақсатты топтан және олардың жақын ортасынан тартылады. Ауқымды іс-шара өткізілген немесе тар бейінді қызметтерге қажет болған жағдайда, волонтерлер кейде басқа ұйымдардан тартылады. Корпоративтік волонтерлік жағдайында, волонтерлік жобаларды іске асыруда әріптестер ниеттес болады.

Жаңа волонтерлерді тарту үшін тиімді тәсілдердің бірі - үйлестірушілер немесе жұмыс істеп жүрген волонтерлер қатысатын кездесулер болып табылады. Іс-шараларды өткізу де волонтерлерді қабылдау үшін тамаша орын, өйткені жаңадан келушілер үшін визуалды көріністі көрсетеді.

Өз қызметін жарнамалауды және волонтерлердің қабылдануына шақыруды БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы өткізуге болады. Бірақ жарнамаға әсер ету үшін, ұйым туралы ақпарат үнемі жаңартылып, ұйым тарихының болуы маңызды. Радиода немесе теледидарда волонтерлердің игі істері туралы бағдарлама

жүргізуге, әлеуметтік желілерде волонтерлердің жеке оқиғаларын жариялауға, газеттерде немесе блогтарда – ақпараттық немесе көңіл көтеретін сипаттағы мақалаларды жариялауға болады.

2018 жылы Qazvolunteer.kz сайты іске қосылды, ол Қазақстандағы волонтерлер қызметі туралы ақпаратты біріктіреді, қызықты волонтерлік жобаларды жариялайды және волонтерлерге ұйымдарды және ұйымдарға волонтерлерді табуға мүмкіндік береді.

2019 жыл ішінде платформада шамамен 16 000 пайдаланушы, 1 000 ұйым және 400 жоба тіркелді.

Волонтерлерді қабылдау барысында, волонтерлер қатарына қосылғысы келетін адамдар үшін байланыс болуына кепілдік беру үшін - қабылдау кезінде үміткерге шағын сауалнама ұсыну қажет. Бұл сауалнама талап етілетін дағдыларды көруге және волонтерлерге қолайлы жұмыс түрін таңдауға мүмкіндік бере отырып, үміткерді бағалауды емес, оған өзін-өзі бағалауды ұсынады.

Әлеуетті волонтерлер ұйымға немесе іс-шараға келген кезде, оларды қарсы алған жөн. Волонтердің болжамын барынша іске асыра отырып, одан қайтарымының болуына кепілдік беру үшін - қабылдау кезінде үміткерге шағын сауалнама ұсыну қажет. Бұл сауалнама талап етілетін дағдыларды көруге және волонтерлерге қолайлы жұмыс түрін таңдауға мүмкіндік бере отырып, үміткерді бағалауды емес, оған өзін-өзі бағалауды ұсынады.

Сауалнаманың үлгісі - 1-қосымшада.

III КЕЗЕҢ. КЕЛІСІМ ЖАСАУ

Болжалды, бар дағдыларды және ұсынылатын сабақтарды айқындау, волонтердің сауалнамасын талқылау үшін, әлеуетті волонтермен алғашқы кездесу екі тараптан ақпаратпен алмасуды қамтамасыз етуі тиіс. Сол кездесу кезінде, ұйымның ережелері, оның құндылықтары, этикалық қағидалары туралы баяндап, ұжыммен таныстыру керек.

ҰЕҰ арасында волонтерлермен шарттар немесе келісімдер жасау аса қажет емес, дегенмен, бұл тәжірибені ұстанатын ұйымдар оның тиімділігіне көз жеткізді.

Волонтермен жасалған келісімге ұйымның оған қатысты оның міндеттері мен міндеттемелері, оның ішінде қажетті материалдармен қамтамасыз ету немесе шығындарды өтеу (мысалы, көлік) кіреді. Волонтерлер ұйымға бөле алатын сағат саны, апта күндері нақты жазылады. Тәртіпке және қауіпсіздік техникасына, сондай-ақ оқыту мен сапарларға, техника мен байланыс құралдарын пайдалануға, мансаптық өсуге қойылатын талаптар, егер бұл көзделген болса (жауапкершілікті арттыру, белгілі бір мерзім өткеннен кейін ұйымның штатына көшу) санамаланады. Мұндай келісім қаржылық міндеттемелерді көтермейді, оларды «өзара түсіністік туралы меморандум» деп атауға болады, бірақ бұл өза-



ра түсіністік жұмысты өте тиімді және қақтығыстар мен өзара наразылықтардан босатады.

Келісімде волонтерлердің де, ұйымдардың да құқықтары мен жауапкершілігін ескеруге болады.

Волонтердің құқықтарын ұйымның жауапкершілігі ретінде, ал ұйымның құқығын - волонтердің жауапкершілігі ретінде қарастыруға болады.

ВОЛОНТЕРДІҢ КЕЛЕСІ ҚҰҚЫҚТАРЫ БАР:	ВОЛОНТЕР КЕЛЕСІ ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ЖАУАП БЕРЕДІ:
<ul style="list-style-type: none"> • оған әріптесім ретінде қарау • қолайлы тағайындау алу • ұйым туралы мүмкіндігінше көбірек білу • жалпы жиналыстарға және жоспарлау үдірісіне қатысу • болып жатқан оқиғадан хабардар болу • жұмыс бойынша оқу курсынан өту • жұмыс барысында оқуды жалғастыру • орындалатын жұмыс сапасына тұрақты баға алу • басқарылатын және қамқорлықта болу • мәртебеде көтерілу және түрлі тәжірибе алу • тыңдалатын болу • қажет болған жағдайда тапсырманы орындау кезінде шығындарды қаржыландыруды алу 	<ul style="list-style-type: none"> • ұйымның құндылықтары мен мақсаттарын бөлу • қызметтер ұсынысында шынайы болуы тиіс • ұйымның қадір-қасиетін және оның қоғаммен байланысын қолдау • қажет болған жағдайда көмек сұрауға жүгіну • тапсырманы орындаудағы мәселелер туралы хабарлау • басқа волонтерлермен қарым-қатынас жасау және жаңадан келгендерді қолдау • тапсырмаларды сапалы және жауапты орындау • волонтерлердің жетекшісі жасайтын нұсқаулар мен шешімдер қабылдау • ақы төленетін қызметкердің қызметін түсіну, олармен жақсы жұмыс қарым-қатынасын жасау, волонтердің өзіннің жұмысын сипаттау шеңберінен шықпау <p>Келісімнің мысалы - 2-қосымшада.</p>

IV КЕЗЕҢ. ВОЛОНТЕРЛЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІ

1 Үйлестірушіні анықтау.

Жоспарлау кезеңінде волонтерлермен жұмыс істеуге жауапты үйлестірушіні анықтау қажет. Үйлестіруші өз бетінше жұмысқа қабылдай алады, сондай-ақ қызметкерлерді немесе тәжірибелері бар волонтерлерді тарта алады. Үйлестіруші өздеріне арналған тапсырмаларды ойластырып, тұжырымдайды, волонтерлерді қарсы алады, оларды хабардар етеді, оқытуды ұйымдастырады, волонтерлерге жұмыс істеуге жағдай жасайды, тапсырмалардың дұрыс орындалуын қадағалайды, волонтерлермен бірге нәтижелерді бағалауды жүргізеді және волонтерлерді көтермелейді.

Үйлестірушілерге волонтерлермен жұмыс бойынша тиісті дайындықтан өту, жаңадан келген азаматтарды қарсы алу үшін қажетті құжаттарды (сауалнамалар, келісімдер, ұйым туралы буклеттер) жинау және сынақтан өткізу, сондай-ақ ұйымның барлық қызметкерлерін тарту ұсынылады.

2 Волонтерлерді оқыту.

Волонтерлерді оқыту олардың ұйымға келген сәтінен басталады. Оқытуды ұйымдастыруға өзі оқыта алатын немесе мамандарды тарта алатын бекітілген үйлестіруші жауап береді.

Ұйымға тартылу сатысына байланысты оқыту нұсқалары әртүрлі болуы мүмкін - тренингтер, тәлімгерлік, әдебиеттерді зерттеу, онлайн курстар:

БАҒДАРЛЫ

- ұйыммен, қызметкерлермен, басқа волонтерлермен танысу,
- командада жұмыс,
- рөлдер мен тапсырмаларды бөлу

ТАҚЫРЫПТЫҚ

- техникалық дағдылар: ұйымдастыру техникасын пайдалану, түрлі топтармен жұмыс істеу әдістемесі;
- «жұмсақ» дағдылар: коммуникация, келіссөздер, көшбасшылық және т. б..

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ

- «күйіп кетудің» алдын алу,
- дағдарыспен жұмыс істеу,
- даулы жағдайларды шешу

3 Жауапкершілікті бөлу.

іс-шаралар, жобалар немесе ұйымның күнделікті қызметі болсын сауатты бөлу маңызды. Бағдарлы оқыту мен келісімнен басқа, волонтерлерге олардың рөліне енуге көмектесетін тәлімгер ретінде ұйымның басқа да мүшелерін немесе тәжірибелі волонтерлерді тартыңыз.

Міндеттерді бөлу кезінде мерзімдерді белгілеу және орындалу мониторингін жүргізу маңызды. Мүмкін, алдымен волонтерлерді алдағы уақытта нәтижеге бағыттау үшін іс-әрекеттер бойынша нақты нұсқау беру керек, бірақ мерзімдерді ескере отырып, іске асыру әдістерін өз бетінше таңдауға мүмкіндік беру керек.

Қандай да бір кезеңдерде волонтерлер бастамашылық танытып, идеялар ұсына алады. Егер бұл ұйымның миссиясына сәйкес келсе, онда оларды қолдау және оларға іс-қимыл жоспарын алдын ала зерделеп, идеяны іске асыру мүмкіндігін беру маңызды.

4 Волонтерлердің қызметін қамтамасыз ету .

Волонтердің жұмысы төленбейтіндігіне қарамастан, волонтерге өз қаражатын волонтерлік қызметке жұмсауға тура келетін жағдайды болдырмау қажет.

Волонтердің жұмысын қамтамасыз ету үшін қажетті ресурстарды алдын ала жоспарлау қажет:

- Кеңсе тауарлары, жабдықтар, басқа да қажетті материалдар;
- Көлік (егер волонтерге жобаны жүзеге асыру орынына әдетте жұмысқа және оқуға қарағанда жету одан әрі ұзағырақ болса);
- Тамақтану, егер волонтер күні бойы жұмыс істейтін болса (бутербродпен ыстық шай).



5

Мониторинг жүргізу.

Үйлестіруші волонтерлердің жұмысын қадағалайды, волонтерлердің қызметі бойынша кері байланыс алу үшін жиналыстар өткізеді. Осылайша, ұйым міндеттердің жауапты орындалуын қамтамасыз ете алады, ал волонтерлер қажет болса, қолдау мен қосымша ақпарат ала алады.

Мониторинг волонтерлерді уақытында мақтауға немесе қателерді талдауға, іс-әрекет жоспарын түзетуге мүмкіндік береді. Кері байланыс конструктивті болуы тиіс. Нашар немесе дұрыс емес жасалғанын түсіндірудің орнына - басқаша қалай істеу керектігін түсіндіру, болашаққа нақты ұсыныстар беру.

Сондай-ақ волонтерлерді конструктивті, уақтылы, нақты жағдайда және белгілі бір тұлға мақтау қажет.

МАҚТАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ:

- Уақытылылық. Жақсы іс жасалды - бірден мақтады.
- Адалдық.
- Жариялылық.
- Адамдардың жұмысына емес, олардың өздеріне бағытталған.
- Саналылық: дағдылар мен құзыреттіліктің өсуіне қарай әр жаңа жетістік үшін мақтау керек.

Тәжірибелі волонтерді папкаларға дұрыс салынған қағаздар үшін мақтау – ересек ұлына бәткенесінің бауын керемет байлады деп айтқанмен тең. Ал, тәжірибелі волонтерде барлығы тиянақты және уақытылы жасалатындығына сенімді болу сізге қаншалықты ұнайтынын айту - бұл шын мәнінде ынталандыратын мақтау.

6

Волонтерлердің нәтижелерін бағалау және еңбегін мойындау.

Нәтижелерді бағалауды жиналыс кезінде немесе әр волонтермен жеке жүргізуге болады. Волонтерлерге өз табыстарын сезінуге және тануға көмектесіңіз. Бұл олардың сенімін нығайтады және волонтерлік қызметтегі жауапкершілікті арттыруға ынталандырады. Тапсырманы іске асыру қорытындысы бойынша волонтерлерді ынталандыру маңызды, себебі олар төлем алмайды. Практикада материалдық емес ынталандырудың әртүрлі нұсқалары бар: ұйымнан немесе мемлекеттік органдардан ресми алғыс, жобаның циклын/кезеңін іске асыру аяқталғаннан кейін ұйымдастырушылар үшін мерекелік қабылдауға шақыру, имидждік өнімдер (киім заттары, сөмкелер, қаламдар, папкалар және т.б.).

**ВОЛОНТЕРЛЕРДІҢ АЙТАУЫ БОЙЫНША:**

Біз не ұтамыз?

- құрдастарымен қарым-қатынас жасау мүмкіндігі;
- командаға керек екенінді сезіну;
- өзіннің маңыздылығын мен қажеттілігінді сезіну;
- кеңсе техникасымен жұмыс істеу дағдыларына тегін оқу мүмкіндігі;
- командада жоспарлау, өзара іс-қимыл, жұмыс дағдыларын дамыту;
- құрдастарының құрметі, өзін ересек, қалыптасқан адам ретінде сезіну;
- тренингтерге және семинарларға қатысу мүмкіндігі;
- тіпті шет елге сапар шегу мүмкіндігі;
- болашақта жұмыс алу мүмкіндігі;
- болашақ жұмыс үшін маңызды байланыстар;

Сыйақының ерекше нұсқаларынан қоғамдық тәртіп бойынша (егер ЖОО рұқсат етсе) практиканы есептеуге, ресми ұсыным хатты және т. б. ресімдеуге болады. Осындай шарттарды жобаны іске асыруға волонтердің қатысуы туралы екі жақты келісімге (және мүмкіндігінше) енгізуге болады.

ҰЕҰ кейде волонтерлердің жұмысы - бұл тең құнды алмасу екенін түсінбейді және волонтерлер оларды тартқан ұйымнан кем түспей ұтады.

Болашақ мансабының маңыздылығын түсінетін жас адамға практикалық менеджмент дағдыларына үйрету қандай сомаға болатынын ойлаған жөн. Ол сол дағдыларды іс жүзінде, жайлы атмосферада және жасалып жатқан жұмыстың маңыздылығын сезінуде дамытады.

V КЕЗЕҢ. ҰСТАП ҚАЛДЫРУ ЖӘНЕ АЛМАСТЫРУ

Волонтерлерді ұйымда ұстап қалу - үйлестірушінің және барлық ұйымның негізгі міндеттерінің бірі. Волонтерлермен үнемі байланыста болу, олардан кері байланыс алу, күтуді бейімдеу маңызды.

Волонтерлерді ұстап қалу үшін ұйым не істей алады:

- Өсу, жауапкершілікті арттыру, бастаманы көтермелеу мүмкіндіктерін жасау.
- Жалпы жоспарлауға тарту.
- Волонтерлер жұмысына деген уәждеменің өзгеру динамикасын ескеру.
- Құзырет шегінде дербес шешім қабылдау құқығын беру.
- Басқа іс-шараларға қатысуға тарту.
- Ішкі мерекелерді, үздік волонтерге арналған конкурстарды ұйымдастыру (волонтерлерге номинациялар беру).
- Мансаптық баспалдақпен көтермелеу - жаңа волонтерлерді үйрету, тәлімгер болу.

Әрине, барлық волонтерлердің қалғысы келмейді және қала бермейді. Сондықтан, волонтерлердің келер буынын қазіргі жастар кетер алдында ойластырған жөн. Тәжірибелі волонтерлерден сабақ алу мүмкіндігімен жаңа волонтерлерді алдын-ала тарту - осылайша, ұйым волонтерлерді ауыстыруды қамтамасыз етеді. Оқушылармен жұмыс істейтін

кейбір ұйымдар сегізінші сынып оқушыларын тартады. Оқыту тоғызыншы сыныпқа ауысқанда, олар өз бетінше жұмыс істей бастайды, ал оныншы сыныпта сегізінші сынып оқушыларын жұмысқа дайындайды. Олар он бірінші сыныпқа ауысқанда және емтиханға дайындалуға байланысты бос уақыттары болмаған уақытта - қазірдің өзінде дайындалған тоғызыншы сынып оқушылары бар. Бұл қағидатты кез келген қызмет саласында және волонтерлердің кез келген жасынан басшылыққа алуға болады.

Күтпеген сәтте волонтерлер тобынсыз қалмау үшін екі нәрсені істуге болады:

- Волонтерлер үшін есіктерді әрдайым ашық ұстау және шақыруды мезгіл-мезгіл қайталау (әрине, олар үшін жұмысты алдын ала жоспарлай отырып). Егер сіз стратегиялық тұрғыдан ойласаңыз және ұзақ мерзімді және маңызды, бірақ шұғыл міндеттер болмаса, мұны жасауға болады. Жаңа волонтер келді – оқытып шұғыл емес тапсырма берілді.
- Тәлімгерлік мәдениетін құру – жаңа волонтерлер анағұрлым тәжірибелілерден білім алады, бұл ұйымның тұрақты қызметкерлерін оқытуды жүргізу қажеттілігінен босатады. Мұндай оқыту моделі каскадты деп аталады және қайталанатын циклмен жобаларда өзін жақсы көрсете білді: жобада бір уақытта түрлі тәжірибесі бар волонтерлер жұмыс істейді: шеберлер, тәлімгерлер, тағылымдамандар өтушілер (атауын ойлап табуға болады. және мысалы, жоба циклдерінің санына қарай бекітуге болады)

VI КЕЗЕҢ. АЯҚТАУ.

Коммерциялық емес менеджменттің негізін қалаушылардың бірі Питер Драккер былай деп жазды: «Волонтерді жақсы әуесқойдан оқытылған, кәсіби, төленбеген штат мүшесіне біртіндеп айналдыру үшінші сектордың ең маңызды жетістіктерінің бірі болуы тиіс». Волонтерлер қозғалысының дамуы, оқытылған волонтерлерді оқыту белсенді азаматтық, әлеуметтік жауапкершілік және жалпы құндылықтарға деген жаңа көзқарасты қалыптастырады. Әлемнің көптеген елдерінде университеттер мен колледждердің студенттері міндетті түрде волонтерлер болып белгілі бір сағат санын жұмыс істеуі керектігі кездейсоқ емес - қоғам қызметі олардың құндылығын және болашақта кәсіби маман ретінде арттырады. Волонтерлер осы ұйымда ақы

төленетін қызметкер мәртебесіне ауыса алады. Басқа ұйымға кетіп немесе волонтерлік қозғалыстың дербес көшбасшылары бола алады. Ұйымның серіктестері немесе ұйым қызметінің демеушілері бола алады.

Волонтерлер – ұйым үшін ең маңызды ресурс. Сонымен қатар волонтерлерді тарту азаматтық қоғамды дамытуға, азаматтық бастаманы қалыптастыруға, азаматтарды шешім қабылдау үдірісіне тартуға көмектеседі. Оларды тарту мен дамытуға стратегиялық көзқарас тұтастай алғанда барлық қоғамға әсер етеді.

ВОЛОНТЕРЛІКТІ АҚПАРАТТЫҚ ІЛГЕРІЛЕТУ

АҚПАРАТТАНДЫРУ АРНАЛАРЫ

Волонтерлік қызметті ілгерілету әртүрлі арналар бойынша жүзеге асырылуы мүмкін. Алдымен, тек қана арналарды емес, сонымен бірге ақпараттандыру мақсаттарын, мақсатты тобын/ аудиториясын, ақпараттандыру жиілігін, ақпараттық себептерді анықтау қажет.

Мақсатты топты анықтау - ақпараттандыру қандай мақсатта жүргізілетініне байланысты:

- волонтерлікті ілгерілету,
- өңірде волонтерлікті білу,
- волонтерлерді белгілі бір қызметке тарту,
- волонтерлер жұмысының нәтижелерін/ жетістіктерін көрсету,
- белгілі әлеуметтік мәселені өзектендіру,
- ...

Әр мақсат әртүрлі аудиторияға бағытталған - мемлекеттік органдардан бастап халықтың нақты топтарына дейін. Аудиторияның деректері белгілі бір арналар бойынша ақпарат алады, олар туралы қысқаша сауалнамалардан білуге болады:

- теледидар,
- радио,
- баспа БАҚ,
- ақпараттық материалдар (буклеттер, үнпарақтар),
- жаңа БАҚ: әлеуметтік желілер, электрондық пошта, Instagram, Twitter, өңірлік пабликтер,
- «сарафан радиосы» (жеке байланыстары).

Мысалы, өңірде волонтерлікті халық арасында тану үшін ақпараттандыруды теледидар, радио (атап айтқанда, көлікте тыңдайтын бағдарламалар арқылы), өңірлік пабликтер арқылы өткізуге болады. Волонтерлерді балаларға арналған мерекелерді өткізуге тарту үшін ақпараттандыру, мысалы, оқу орындарында нақты қадамдар, волонтерліктің пайдасы және байланыс деректері көрсетілген үнпарақтар/буклеттер таратумен кездесулер өткізу арқылы жүргізіледі.

Жария БАҚ-тармен жұмыс істеуде ақпараттық себеп (ақпараттық себеп) - тек журналистердің ғана емес, сонымен қатар олардың аудиторияларының назарын аудару оңай болатын себеп. Мысалы:

- мерекелер, конкурстар, фестивальдар, рәсімдер,
- марафондар, науқандар: Халықаралық Волонтер Күні, Көктемгі Жақсылық Аптасы,
- баспасөз конференциясы, баспасөз ланчтары,
- объектілерге бару,
- ашық есіктер күндері,
- экскурсиялар, баспасөз турлары,
- шеберлік сыныптары/презентациялар, конференциялар, дөңгелек үстелдер,
- туризм, спорттық жарыстар,
- көрмелер.

БАҚ-пен жүйелі жұмыс үшін стратегия мен медиа-жоспар әзірлеу қажет.

БАҚ-пен жұмыс стратегиясын іске асыру кезіндегі негізгі қадамдар:

1. Әртүрлі жаңалықтар ұйымдары, олардың редакторлары мен жетекші журналистері бойынша атаулар тізімін және байланыс ақпаратын дайындау.
2. Ең алдымен кіммен байланыс орнату керектігін нақтылау және т.б.
3. БАҚ-тың журналистерімен және редакторларымен қарым-қатынас орнату. Сізді көбірек ұнатқан сайын, сіздің жоба туралы ақпарат жиі болады.
4. Әр агенттік пен аудитория үшін қандай жаңалықтар лайықты болатынын анықтау.
5. Сіздің тақырыпқа қатысты мәселелер бойынша жаңалықтар мен қоғамдық пікірлерді қадағалау. Мәселенің түрлі БАҚ-тағы жариялану динамикасын түсіну үшін газеттерден, онлайн порталдардан кесінділерді сақтау.
6. Жобаны немесе волонтерлікті бірінші орынға шығара алатын, жақындап келе жатқан оқиғаларды қадағалау.

Журналистер арасында іс-шараларға қатысып, оқиғаларды тегін жариялайтын волонтерлерді айтарлықтай жиі табуға болады. Радиостанциямен тұрақты бағдарлама туралы немесе жергілікті телеарнамен волонтерлік істер жөніндегі телешоу туралы келісімге келуге болады, жергілікті газетте айдар жүргізуге болады. Интернеттің пайда болуымен ақпарат қолжетімді болғанына қарамастан, дәстүрлі БАҚ халықтың белгілі бір топтары арасында танымал болып келеді және мұны БАҚ-пен жұмыс істеу стратегиясында ескеру қажет.

ЖАҢА БАҚ

Жаңа БАҚ - бұл аудиториямен бірден және тікелей өзара әрекеттесуге мүмкіндік беретін, интернетте орналастырылған барлық ақпарат құралдары. Ең танымал жаңа БАҚ - бұл әлеуметтік желілер, бірақ газеттер де, радио мен теледидар да онлайн түрде шықты.

Жаңа БАҚ-тармен жұмыс үнемі, 24/7 жүргізіліп тұратындылығымен ерекшеленеді және ол қарым-қатынасқа негізделген. Аудиторияны, мәтінді тұжырымдауды ескеру маңызды.

Instagram, Facebook, Vkontakte, Odnoklassniki әлеуметтік желілерінде рәсімдеуге көңіл бөлу маңызды, себебі визуалды контенттің маңызы бар.

Twitter-де – сөздердің маңызы бар, бұған қоса таңбалардың саны шектеулі.

Пабликтерде – жергілікті әлеуметтік форумдарда - жергілікті контекстке байланысты ақпарат беру қажет.

Youtube – бейнересурс, онда бейнероликтерді орналастырып қана қоймай, сонымен қоса өз бейне арнасын жасауға болады.

Жаңа БАҚ әркімге контентті, қоғамдық пікірді тегін қалыптастыруға және жаңа брендтер құруға тамаша мүмкіндік береді. Қарапайым тұрғындар оқиғаның қаһармандары бола алады. Көршінің қалай волонтер болғаны, оның өзі үшін және басқалар үшін уақытын қалай пайдалы өткізетіні туралы барлық әлеуметтік желілерде айтуға болады. Адамдарға өзі және жақын адамдары туралы білу қызықты. Волонтерлердің жеке тарихы арқылы волонтерліктің бренді әр адамның құндылығы ретінде қалыптасады. Волонтерлер өз оқиғаларын әлеуметтік желілердегі жеке парақшаларында немесе арнайы құрылған парақшада немесе арнада жариялай алады, әртүрлі аудиториялармен посттармен бөлісе алады. Сондай-ақ, әлеуметтік желілерде танымал тұлғаларды - көптеген жазылушылары («оқырмандары») бар блогерлерді тартуға, волонтерлік істер марафондарын (Жақсылық апталығы, «Мен сияқты бол!») және т.б. өткізуге болады.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕ ВИЗУАЛДЫ КОНТЕНТ, ЯҒНИ КЕЛЕСІЛЕР МАҢЫЗДЫ:

- Фотосурет
- Бейне
- Ақпараттық графика
- Слайдшоу
- Мемдар (карикатура)



СУРЕТ ҚЫЗЫҚТЫ БОЛАДЫ, ЕГЕР:

1. Эмоциялар, қызығушылық тудырады, тыныштандырады және т.б.
2. Сіздің аудиторияңызға жақын немесе қымбат нәрсені білдіреді!
3. Материалда сапалы өлшемі, ажыратымдылығы, түс гаммасы, орналасуы және саны бар.

САПАЛЫ ВИЗУАЛДЫ МАТЕРИАЛ ЖАСАУ ҮШІН КЕЛЕСІЛЕР ҚАЖЕТ:

- Композицияны сақтау - үшінші ереже,
- Акцентті жеңілдету және қою,
- Көрерменнің көзқарасын бағыттау,
- Түс сұлбаларымен жұмыс істеу.

Бейнелерді орналастыру (Instagram, Youtube) мүмкіндігі бар жерде, тұрғындар арасында ақпаратты тарата отырып, волонтерлік бойынша көшедегі сауалнамаларды көрсетуге, іс-шаралардан қызықты тікелей эфирлер немесе пайдалы кеңестермен эфирлер жүргізуге, сұрақтарға жауап беруге болады.

Әдеттегі мәтіндік жазбаларға қарағанда бейнесі бар мақалаларға сілтемелермен 3 есе жиі бөліседі.


ХАБАРЛАМАЛАРДЫ ТҰЖЫРЫМДАУ

Дәстүрлі немесе жаңа БАҚ-та жариялауға арналған кез келген хабарлама – нақты фактілерді (темекі шегудің зияны туралы әңгімелейтін темекі шегуші - күмәнді) білдіруге, аудиториямен эмоционалдық байланыс орнатуға көмектесетін сезімдерді пайдалануға және «үш» ережесіне сәйкес логикаға ұмтылуы тиіс:

1. Кіріспе (біз кіміз және неге біз; «біз» аудиторияның жеке тәжірибесімен қалай байланысады);

2. Негіз (біз не айтқымыз келеді);

3. Тұжырымдар/ қорытындылар (біз тыңдаушыларымыз не істегенін қалаймыз).



Үш ережесі көптеген ертегілерде (үш тілек, Күлбикешке арналған үш жаңғақ), әртүрлі пікірлер мен тіршілік салаларында (биліктің үш тармағы, «стартқа – назар аударыңыз – марш») пайдаланылады, сондықтан дәлелдер/мысалдар, қағидаттар санын – үшеуден асырмай сақтау маңызды.

Әр аудиторияға назар аударатын және қойылған мақсатқа қол жеткізетін хабарламаларды қалыптастыру маңызды. Хабарламаның форматы Twitter-дегі 280 белгіден бастап газеттегі мақалаға немесе теледидардағы бағдарламаға дейін болуы мүмкін. Ақпаратты жеке түсінік пен болжамды барынша азайта отырып жеткізу маңызды.

Мысалы, БАҚ-пен жұмыс барысында баспасөз хабарламасы жасалады. Баспасөз релизіне арналған негізгі ереже – «ақпараттың маңыздылық пирамидасы» – яғни, ақпараттың баспасөз релизінің қандай көлемі жарияланатынына қарамастан, оқырмандар ең маңыздысы туралы ақпарат ала алатындай етіп орналасуы.

- Тақырыпат
- Лид (ең маңызды ақпараты бар бірінші абзац)
- Негізгі мәтін (тезистер, дәйексөз)
- Жоба туралы анықтама (қысқаша сипаттамасы)
- Байланыс ақпараты

Мультимедиалық контенті бар баспасөз релиздері тек мәтіні бар релиздермен салыстырғанда 77%-ға көп репост алады.

Жаңа БАҚ-тарға келетін болсақ, негізгі хабарлама пост немесе бейне түрінде тұжырымдалады. Интернет-ресурсқа байланысты пост қысқа немесе ұзақ болуы мүмкін. Жазылушыларға қайтып келуге қызықты болуы үшін, түрлі контенті бар: пайдалы, ақпараттық, ойын-сауық посттарды араластыру және танымал хештегтерді пайдалану қажет (5-7-ден артық емес). Адамдар әлеуметтік желілерге келесілер үшін кіретінін есте сақтау маңызды:

- Әсер
- Рухтанушылық
- Уәждеме
- Сезу
- Ойын-сауық

Әлеуметтік желілерді жүргізу үшін әртүрлі құралдарды пайдалануға болады – посттарды уақыт бойынша орналастыру үшін, статистиканы қадағалау үшін, қажет болған жағдайда таргеттелген жарнаманы (халықтың белгілі бір тобына бағытталған жарнаманы) сатып алуға болады.

Сонымен қоса, халықты ақпараттандыруда мессенджерлер – WhatsApp (көп таралған) және Telegram-ді пайдалануға болады. Telegram мессенджерінде арна құру функциясы бар, онда пікір жазу функция-

сын қоспағанда, сілтемелермен бөлісуге, хабарламалар жазуға, қысқаша сауалнамалар жасауға болады. WhatsApp функциялары шектеулі, бірақ белсенді пайдаланушылар топтарында жылдам жіберілімдер жасауға мүмкіндік береді.

Жалпы, волонтерлік қызмет туралы ақпараттандыру тұрақты болуы тиіс. Қандай ақпаратты, қашан, не туралы және қайда - дәстүрлі БАҚ-та да, жаңа БАҚ-та да жариялауға болатыны жөнінде бірлескен медиа-жоспар жасап, оған волонтерлерді тартуға болады.

ВОЛОНТЕРЛІКТІ ҚОЛДАУ СТАНДАРТЫ

Волонтерлікті қолдау стандарты - бұл волонтерлік қызметті дамытуға жәрдемдесу моделі, оны тәжірибелік нұсқама ретінде пайдалануға болады. Ресей Федерациясында бұл Стандарт 2018 жылы «Жаңа жобаларды ілгерілету бойынша стратегиялық бастамалар агенттігі» автономды коммерциялық емес ұйымының алаңында, РФ-дағы волонтерлік қозғалысты дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарының 14-тармағын орындау үшін Ресей Федерациясының барлық федералдық округтерінде еріктілік саласындағы 200-ден астам сарапшылардың қатысуымен әзірленді.

Стандартқа 9 қадам кіреді және келесі блоктар бойынша мемлекеттік қолдау іс-шаралар топтарын қамтиды:

- o ұйымдық-құқықтық қамтамасыз ету
- o ақпараттық-әдіснамалық қолдау
- o инфрақұрылым
- o еріктілерді ынталандыру шаралары
- o қаржылық қолдау

Қазіргі уақытта Қазақстанда бірыңғай Стандарт болмаса да, 2016 жылы Қазақстанда Волонтерлік қызмет туралы заң қабылданды және 2020 жыл Волонтер жылы болып жарияланды, оның аясында жалпы Іс-шаралар жоспары әзірленді. Аталған Жоспар волонтерлік қызметті дамыту жөніндегі өңірлік іс-шаралар жоспарын әзірлеуді көздейді. Жоспарды әзірлеуде барлық ведомстволарды, ҮЕҰ-ды, сарапшыларды тарту маңызды. Жоспарлардың іске асырылуын қадағалау, түзетулер енгізу және оң нәтижелер мен сәттілік оқиғаларын міндетті түрде көрсетіп отыру қажет.



II БӨЛІМ.

ВОЛОНТЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІ BIRGEMIZ ASYL MURA БАСЫМ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ДАМУ



BIRGEMIZ ASYL MURA МАҚСАТЫ МЕН БАҒЫТТАРЫ

«BIRGEMIZ ASYL MURA» басым бағытының **МАҚСАТЫ**: тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау бойынша волонтерлерді тарту.

Қазақстанның тарихы мен мәдениеті өте бай: еліміздің әр түкпірінде ашық аспан астындағы қорғандар да, кесенелер де, ерекше туристік орындар – таудан теңізге дейін, кітапханалар мен мұражайлар желісі – ұлттықтардан бастапауылдықтарға дейін, қалалық ғимараттар, спорттық кешендер, соборлар, ескерткіштер бар.

Қазақстанның мәдени мұрасы – мәдени мұра заңнамасына енгізілген. Қазақстан халықтарының дін, мәдениеті мен тұрмыс тарихына қатысы бар объектілер. Олардың бір бөлігі ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мұрасының объектілері болып табылады.

Қазақстан аумағында мәдениет ескерткіштері деп танылған 25 мыңнан астам жылжымайтын объект бар, ал еліміздің мұражайлары мен галереяларында екі миллионнан астам қазақ мәдениеті мен тарихының баға жетпес жылжымалы экспонаттары бар, бұл тек Қазақстанда ғана.

Осы орындарды, объектілерді және материалдық емес мәдени құндылықтарды (әдет-ғұрыптарды, дәстүрлерді, білімді) сақтаумен тиісті уәкілетті органдар – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінен мәдениет мекемелеріне дейін айналысады. Волонтерлерді тарту Мәдениет және тарихи мұраны сақтау саласындағы белгілі бір міндеттерді шешуге ғана емес, сонымен қатар халықтың түрлі топтарын жандандыруға, мәдени құндылықтарды алға жылжытуға және әсіресе жас ұрпақ арасында елге патриоттық мақтаныш қалыптастыруға көмектеседі.

Өлемдік тәжірибе тарихи-мәдени мұраны сақтау саласындағы волонтерлікті дамытудың бірнеше бағытын көрсетуде:

1 МӘДЕНИЕТ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ВОЛОНТЕРЛЕР

2 ЕСКЕРТКІШТЕРДІ САҚТАУ ЖӘНЕ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

3 ТАРИХИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ОРЫНДАР БОЙЫНША ТУРИЗМ

4 МӘДЕНИ ІС-ШАРАЛАР

5 ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ІС-ШАРАЛАР



Осы бағыттардың әрқайсысына Қазақстанда волонтерлер белгіленген дәрежеде тартылады, бірақ жүйелі түрде емес.

МӘДЕНИЕТ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ВОЛОНТЕРЛІК халықтың әртүрлі топтарын, әсіресе жастарды мұражайларға, кітапханаларға, театрларға, көрме залдарына, концерттік холлдарға тартуға және қоғамды мәдениетті ілгерілетуге тартудың бірегей тәсілі болып табылады. Ол кезде ұйымдарда келушілерге жеке жақындау, конкурстар, шығармашылық шеберханалар, зертханалар, оқу, мастер-класстарды қоса отырып, қызметтер мен іс-шаралар ауқымын кеңейту мүмкіндігі пайда болады. Волонтерлер мәдениетті алға жылжытуға және әлеуметтік желілерде мекемелердің өздерінің оң имиджін қалыптастыруға көмектеседі, осылайша мәдени объектілерге деген құрметін нығайтады.

ЕСКЕРТКІШТЕРДІ САҚТАУ ЖӘНЕ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ тарихи-мәдени мұраны сақтау саласындағы маңызды бағыт болып табылады және волонтерлер объектілерді қалпына келтіру және консервациялау кезінде көмектесіп қана қоймай, сонымен қатар болашақ ұрпақ үшін өткенді сақтау, ескерткіштерге, халық тарихына құрмет көрсету бойынша міндеттеме қабылдауды іс жүзінде көрсетеді.

ТАРИХИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ОРЫНДАР БОЙЫНША ТУРИЗМДІ ДЕ волонтерлердің көмегімен дамытуға болады. Өз өлкесінің тұрғындары ретінде олар ұлттық құндылықтарды, мәдениетті алға ілгерілеті, тарихи-мәдени мұраны сақтауға үлес қоса отырып, жергілікті ерекшелікке негізделген жаңа бағыттар құра алады.

МӘДЕНИ ІС-ШАРАЛАРДЫ мемлекеттік органдар, мәдениет мекемелері, сондай-ақ коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдар жүргізеді. Волонтерлер үшін – бұл оқиға орталығында болу, танымал адамдарды көру, ал ұйымдар үшін – қызмет көрсету ауқымын барынша кеңейту, келушілерге жеке көзқарас пен іс-шараның қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүмкіндігі.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРДЫ волонтерлер топтары немесе мәдени оқиғалар, арт-кеңістік, шығармашылық шеберханалар, демалыс клубтары арқылы нысаналы топтармен жұмыс істейтін коммерциялық емес ұйымдар жиі түрде құрады. Осындай тәсіл халықтың әртүрлі топтарын мәдениетке тартуға, ұлттық дәстүрлер мен құндылықтарды сақтауға және бірегей мәдени кеңістік құруға мүмкіндік береді.

Тарихи-мәдени мұраны сақтау саласындағы волонтерлік бағдарламаларды іске асыру үшін түрлі бағыттар мен деңгейдегі мемлекеттік органдар, ғылыми-зерттеу институттары, білім беру мекемелері, Өңірлік Халық ассамблеялары, меценаттар, сондай-ақ волонтерлермен және өңірлік үйлестірушілермен жұмыс жөніндегі өңірлік орталықтар арасындағы өзара іс-қимыл жасаудың маңызды зор.



ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАНЫ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ ВОЛОНТЕРЛІКТІ ДАМУ ҚАДАМДАРЫ

1

ОБЛЫС ЖӘНЕ АУДАН ДЕҢГЕЙІНДЕ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАНЫ САҚТАУ САЛАСЫНДА ВОЛОНТЕРЛІКТІ ДАМУ ҚАДАМДАРЫ.

1.1. Әдіснамалық орталық бірінші кезекте мәдениет мекемелерінің, білім беру мекемелерінің (мәдениетпен, тарихпен байланысты), ҰЕҰ, діни ұйымдардың, Қазақстан халқы Өңірлік ассамблеясының және ірі компаниялардың басшыларын (өкілдерін) шақыра отырып, Облыстың мәдениет басқармасы үшін Волонтерлер жылының презентациясын өткізу қажет.

1.2. Облыс деңгейінде мүдделі ұйымдардың өкілдерінен тарихи-мәдени мұраны сақтау саласындағы жұмыс тобын құру. Ұйымдардың тізімін қалыптастыру:

- волонтерлерді қабылдау үшін,
- волонтерлерді дайындау және үйлестіру үшін,
- волонтерлерді оқыту үшін (жаттықтырушыларды алдын ала даярлаумен).

1.3. Әрбір мүдделі ұйымда волонтерлермен жұмыс жөніндегі үйлестірушіні тағайындау.

1.4. Жауапты тұлғаларды тағайындай отырып, Волонтерлер жылын өткізу туралы бұйрық дайындау.

1.5. Волонтерлік қызметпен айналысуға ниет білдірушілерді шақыра отырып, дайындалып жатқан іс-шаралар туралы ақпаратты БАҚ-та жариялау. Ақпарат волонтерлердің қатысу нұсқаларын және оларды көтермелеу нұсқаларын барынша егжей-тегжейлі баяндау қажет.

1.6. Өңірлік орталықпен ынтымақтастықта волонтерлер мен мәдениет мекемелерінің өкілдерін оқытатын облыстық жаттықтырушылар тобын дайындау.

1.7. Жобалық кеңсемен ынтымақтастықта облыстық және аудандық деңгейде «BIRGEMIZ ASYL MURA» жобасын іске асырудың жол картасын әзірлеу.

1.8. Жол картасы шеңберінде «BIRGEMIZ ASYL MURA» жобасының жол картасының орындалуын бақылау және мониторинг жүйесін жобалық кеңсеге есеп беру мерзімдерімен енгізу.

Презентация Волонтерлер жылының мазмұнын, аймақтық волонтерлік орталықтардың, әдіснамалық орталықтардың функцияларын және волонтерлердің күш-жігерін қолдану аясын көрсетуі тиіс. Презентация тарихи-мәдени мұраны сақтау саласындағы волонтерлік қызметті дамыту тұжырымдамасын, волонтерлік бағыттарын, үздік тәжірибелердің мысалдарын ұсыну, осы бағыттағы қатысушылардың рөлін нақты көрсету қажет.

Елдің әрбір өңірінде мәдениет мәселелерімен айналысатын басқармалардың атаулары өзгеше болуы мүмкін.

2

МӘДЕНИЕТ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ ВОЛОНТЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚАДАМДАРЫ.

Мәдениет ұйымдарына театрлар, концерттік ұйымдар (филармониялар), цирктер, кинематографиялық ұйымдар, кітапханалар, мұражайлар, мәдени-демалыс ұйымдары, көркем галереялар (салондар), студиялар, шеберханалар, мәдени-тарихи орталықтар, мәдениет саласындағы зерттеу орталықтары (зерттеу институттары), қалпына келтіру орталықтары, мұражай-қорықтар және т.б. жатады.

2.1. Бірінші қадам – волонтерлік жобаны жүзеге асыру мақсатын түсіндіру үшін мекеме басшылығымен кездесу. Директормен ғана емес, барлық бөлімдердің бастықтарымен де (егер мекеме құрылымында бар болса) кездесу маңызды.

2.2. Волонтерлер тартылатын қызмет салаларын, волонтерлерге деген қажеттілікті бірлесіп анықтау және волонтерлерді тарту туралы шарт жасау.

2.3. Мекеме қызметкерлеріне волонтерлерді тарту мақсатын, олардың міндеттерін, оларды орындау үшін волонтерлер тартылатын нақты міндеттерді түсіндіру. Әрбір қызметкердің волонтерлердің не істеу керектігін және қандай да бір міндеттерді орындау үшін оларды тартуға болмайтынын түсінуі өте маңызды. Мысалы, экспонаттарды тасымалдау. Сондай-ақ, волонтерлердің штаттық қызметкерлерді алмастыруға емес, көмекке тартылатынын түсіндіру маңызды. Олай болмаса, қақтығысқа және волонтерлерді жылдам жоғалтуға әкеп соқтыратын түсініспеушілік пайда болады.

2.4. Мекемеде волонтерлермен жұмыс жөніндегі үйлестірушіні тағайындау және онымен бірге әрбір бөлімше үшін волонтерлердің рөлі мен функцияларының сипаттамасын жасау. Егер мекемеге волонтерлер ретінде студенттер келсе, олардың міндеттерін оқу орындарының басшылығымен де келісу қажет.

2.5. Мекеме мамандарымен, бірлесіп волонтерлерді бағдарлау үшін қажетті оқу көлемін анықтау. Бағдар бойынша сабақтарға мекеменің тәртібі, тәртіп ережелері, келушілермен/клиенттермен қарым-қатынас жасау тәжірибесі енуі тиіс.

2.6. Мәдениет ұйымдарында волонтерлердің жұмысын жоспарлау.

2.6.1. Волонтерлермен жұмысты жоспарлау. Волонтерлердің қанша саны қажет және жеткілікті екенін алдын ала анықтау өте маңызды. Көптеген адамдарды бір уақытта қабылдау мүмкін емес – мәдениет мекемелерінің ауданы кішігірім (көрме залдары, аудандық кітапханалар) болуы мүмкін және қызметкерлерге өз міндеттерін кедергісіз орындау жағдайы болуы тиіс. Ұйымда бір уақытта қанша адам болуы мүмкін екенін анықтау үшін міндетті қалай бөлуге болатынын анықтау керек. Бірнеше нұсқалар бар, сондай-ақ оларды волонтерлердің мүмкіндіктеріне, тілектеріне және бос уақыттың болуына сәйкес тапсырма бере отырып, біріктіруге болады.

2.6.2. Қандай волонтерлер және олар қандай көмек көрсете алады:

- **КЕЛУШІЛЕРМЕН ЖҰМЫС.** Волонтерлер жиі келушілер ретінде келіп, өз тәжірибелерін жұмысқа алып, экскурсияларға ақпарат беруді жақсартып отыра немесе экспонаттар, қызықты кітаптар бойынша ұсыныстар бере отырып, келушілермен олардың тілінде сөйлесе алады. Олар мұражай залдарын ашар алдында дайындап, балаларға немесе инклюзивтік топтарға экскурсиялар жүргізе алады, әлеуметтік сауалнама жүргізе алады, мастер-класстар, эксперименттер, квесттер, балалармен кітап оқуды ұйымдастырады.
- **ҚҰЖАТТАРМЕН ЖҰМЫС.** Волонтерлер мұрағат материалдарын іріктей және каталогтай алады, қажетті материалдарды цифрлай алады, зерттеу жобаларына қатыса алады, кітаптардың түптеуін жөндеу/жаңарту, деректер базасын жүргізу, түрлі тілдерге аудару, сауалнамалар, буклеттер/постерлер жасау, аудиокітаптар оқу секілді жұмыстарды істей алады.
- **ЭКСПОНАТТАРМЕН ЖҰМЫС.** Волонтерлер реставраторларға көмек көрсете алады, экспонаттарды сипаттай алады, экспонаттарды көрмелерге немесе орын ауыстыруларға дайындайды, көрмені ресімдей алады.
- **ІС-ШАРАЛАР ӨТКІЗУ.** Бұдан басқа, волонтерлер дәрістерде, сабақтарда, ғылыми зертханаларда ассистент бола алады, көпшілік іс-шараларды (мастер-класстар, сөз сөйлеулер, конкурстар) өткізуге көмектесе алады, волонтерлер инклюзивтік топтар жүргізе алады немесе өздерінің мәдени жобаларына бастамашы бола алады.
- **ИНТЕРНЕТТЕ ІЛГЕРІЛЕТУ.** Цифрландыру мәдениет пен тарихтың қолжетімді болуына көмектеседі. Мекемелерде әрдайым өзінің мамандары немесе әлеуметтік желілерде жұмыс жүргізу немесе іс-шараларды ілгерілету, фототүсірілімдер, интернетте мекеменің оң имиджін құру үшін жеткілікті уақыт жоқ, және дәл осы жерде волонтерлер өз дағдылары мен ақпараттық арналарын пайдалана отырып, көмектесе алады.
- **МАМАНДАНҒАН, ТАР БЕЙІНДІ ЖҰМЫС** тиісті білімі мен тәжірибесі бар адамдарға арналған. Олар сәулетшілер; археологтар; кітапханашылар/мұрағатшылар; мәдениеттанушылар/тарихшылар; IT-мамандар, түрлі маманданған техниктер болуы мүмкін. Мәдениет мекемелері үшін қазіргі таңда мобильді қосымшаларды, виртуалды карталарды құру, компьютерлік сауаттылыққа оқыту (егер кітапханада компьютерлер бар зал болса), меценаттарды іздеу өзекті. Сонымен қатар, мекеме қызметкерлері болып табылмайтын әр түрлі кәсіпқойларды, суретшілерді, әртістерді, дизайнерлерді тарта отырып, балаларға, жастарға немесе аға буынға – кез келген жас немесе әлеуметтік топқа тартымды мәдени кеңістікті құруға болады.

«Волонтеры культуры» Ресейлік Қоғамдық қозғалысының волонтерлік тәжірибелері жинағында мәдениет мекемелерінде, атап айтқанда, кітапханалар мен мұражайларда волонтерлік қызметтің көптеген мысалдарын табуға болады.

2.6.3. Волонтерлермен жұмысты жоспарлау кезінде бөлімдерде (белгілі бір команда немесе ауысым келген кезде) жалпы жиналыстар мен жоспарлау кеңестерін өткізу уақытын қарастыру қажет. Осы уақытта соңғы жиналыстан өткен уақыт кезеңіне шолу, туындаған мәселелерді талқылау, тапсырмаларды бөлу, әр түрлі жағдайлар мен оқиғаларды талқылау жүргізіледі. Жиналысты мекеменің үйлестірушісі жүргізеді, оған қызметкерлердің қатысуы жөн.

2.6.4. Волонтерлерді оқыту. Волонтерлерді оқыту алдын ала дайындалған бағдарлама бойынша жүргізілуі тиіс. Ол әдіснамалық орталықпен әзірленеді, бірақ әрбір мекеме үшін ерекше болатын ақпаратпен қамтамасыз етілуі тиіс. Волонтерлердің келушілермен алғашқы кездесулері немесе құжаттарды өңдеу, экспонаттармен жұмыс үйлестірушінің немесе тәлімгерлердің қатысуымен өтуі тиіс. Мекеме қызметкерлері келушілердің қатысуымен емес, алдын ала волонтермен танысады және әңгімелеседі. Бағдар практикасы мекеме қызметкерімен бірлесіп қызмет, қажетті әрекеттерді көрсету, бірлескен жұмыс түрінде жасалады. Бірнеше демонстрациядан кейін және бірлесіп жұмыс істегеннен кейін ғана волонтерге қажетті әрекеттерді өз бетінше орындауға тапсырма беруге болады.

2.6.5. Волонтерлерді ілгерілету. Волонтерлік жобаның үйлестірушілері волонтерлермен үнемі кездесулер өткізеді, олардың тәжірибесін талқылайды, көмек көрсетеді, проблемалар туындаған жағдайда оларды шешуге көмектеседі.

2.6.6. Волонтерлерді марапаттау. Волонтерлерге алғыс білдіру тәсілдерін ойластыру. Ең бастысы – бұл назар аудару: туған күніне арналған ашықхатпен құттықтау, волонтерлердің балын ұйымдастыру және мекемеге жыл ішінде 50 сағаттан астам уақыт жұмсағандарды атап өту. Марапаттаудың басқа түрлеріне достарға арналған абонементтер/билеттер, эксклюзивті дәрістерге/семинарларға немесе жабық көрмелерге қол жеткізу, серіктестік дүкендерге/кафелерге жеңілдіктер, кәдесый өнімдері, халықаралық жобаларға қатысу кіреді. Волонтердің жұмысы аяқталғаннан кейін ұсыным хатты ұсынуға болады.

2.7. Волонтерлердің қатысуынан мәдениет ұйымы нені ұтады?

Ең алдымен, қызмет көрсету сапасын жақсарту мүмкіндігі пайда болады. Мәдениет ұйымдарындағы қызметкерлер саны көбінесе шектеулі, ал экспонаттар көп, немесе жұмыс бағыттары мүмкіндігі шектеулі келушілерді денсаулығы бойынша қосуды көздемейді, немесе материалдарды цифрлауға жеткілікті қаражат бөлмейді.

Әр түрлі жастағы және әлеуметтік топтардан волонтерлерді мәдени волонтерлікке тарта отырып, қоғамның театр мен кітапханаларға, мұражайлар мен көрмелерге деген қарым-қатынасының өзгеруіне ықпал етуге, келушілер санын арттыруға, әсіресе волонтерлер келген тұрғындар топтарынан шығуға болады. Мәдениет мекемесінің құндылығы артады – ол ауылдық жерлерде де, қалада да саны үнемі жетпейтін бос уақытты өткізу және ұйымдастыру үшін орын болады. Әлемдік тәжірибеде кітапханалар балаларды дамыту, жұмыссыздарға жұмыс іздеуде көмек көрсету, иммигранттарға – тіл мен мәдениетті үйренуде, тіпті пианинода ойнау практикасына арнап кеңістік ұйымдастырады. Ал мұражайлар балаларға арналған бірегей квесттерді, эксперименттері бар зертханаларды ойлап табады, тарихқа үңіліп, жер сілкінісін бастан өткізуге немесе джунглиге дыбыстық сүйемелдеу немесе виртуалды шындық арқылы баруға мүмкіндік береді.

Қазіргі заманғы жаңартылған мәдени кеңістіктер, мәдениет ұйымдарындағы қызметтердің жақсартылған сапасы, интернетте өзекті имидж жасау – осының барлығы Қазақстанның мәдени объектілеріне жергілікті және шетелдік туристерді де тартады.

2.8. Мәдениет ұйымы қандай қиындықтарға тап болуы мүмкін?

Ең алдымен, бізге қажеттіден көпволонтер келуі мүмкін. Сондықтан жұмысты жоспарлауға уақыт бөлу, сондай-ақ волонтерлер өз жобаларымен толтыра алатын болжамды тауашаларды ойластыру маңызды. Мұндай жағдай мәдениет ұйымы мен оның қызметкерлері жаңа идеяларды қабылдауға дайын болған жағдайда ғана мүмкін болады, егер оларды іске асыруға көмектеспесе, кем дегенде, волонтерлерге жобаны іске асыруға кедергі жасамауға болады. Еріктімен жақсы жоспарлау, оқыту, нұсқау беру, келісімге қол қою, онда волонтердің не істеу керектігін, ешқандай жағдайда істеуге болмайтыны нақты жазылған, алғашқы күндері сүйемелдеу мен қолдау көрсету және шығармашылық идеялар мен ұсыныстарға ашықтық ықтимал қиындықтарды азайтуға немесе олардың алдын алуға көмектеседі.

2.9. Волонтерлерді тартатын мәдениет ұйымдарына не қарастыру қажет?

Ең алдымен, волонтерлерді іріктеу. Мәдениет саласына әр жастағы адамдарды, әлеуметтік мәртебені, кәсіпқойларды немесе мекеменің қажеттілігіне қарай біліктілігі жоқ волонтерлерді қабылдауға болады. Әлемдік тәжірибе гид, экскурсия жүргізуші ретінде «күміс» волонтерлерді тартудың табыстылығын көрсетеді. Жастар мәдени кеңістіктің жаңа көріністерін әкеледі, мекеме қызметінің репертуарын байыта отырып, қызықты мәдени және шығармашылық жобаларды батыл түрде жүзеге асырады.

Волонтерлерді тарту, олармен әңгімелесу кезінде, үміткерлерге арналған сауалнамаларда мәдениетпен байланысты және мекеме профиліне қатысты мәселелер болуы тиіс, мысалы, хобби, сүйікті кітаптар, суреттер/суретшілер, музыка – бұл волонтерлердің табиғи мүдделерін қалай пайдалануға болатынын түсінуге көмектеседі.

Оқу және бағдарлау кезеңінде волонтерлерге кіммен жұмыс істеуге тура келетіндерге егжей-тегжейлі айтып беру қажет. Нұсқаулық, оқыту материалдары, мекеме волонтерімен келісім келесі сәттерді айқын бейнелеуі тиіс:

- Волонтерлердің көздеген мақсаттарына қарамастан, мәдениет ұйымына келе отырып, мәдени мұраға және келушілерге құрмет жоғары басымдық болып табылады.
- Мекеменің ережелері оларды орындау үшін жазылған.
- Қауіпсіздік техникасын орындау, дресс-код.
- Волонтер оқытылған нәрсені ғана жасайды. Егер қосымша қызмет көрсету қажеттілігі туындаса – мекеме қызметкерлеріне жүгіну қажет.
- Волонтер мамандарға экспонаттардың/кітаптардың/декорациялардың жағдайына қатысты күмән тудыратын барлық жағдайларда жүгінеді.
- Волонтерлер көмек көрсету мүмкіндігі қалай іске асырылып жатқандығына риза болмаған жағдайда, ол бекітілген үйлестірушіге (волонтерлік орталықтың үйлестірушісіне) жүгінеді.
- Егер волонтер оның келісімі мен нұсқаулықтарында жазылғаннан артық жасағысы келсе, ол оны өзінің үйлестірушісімен талқылауы тиіс.
- Проблемалар немесе қақтығыстар туындаған жағдайда волонтерлер оларды өз бетінше шешуге тырыспайды, бірақ кеңес алу үшін жүгінеді және өз үйлестірушісіне көмек көрсетеді.

Волонтерлерді оқыту техникалық дағдылардан басқа, бөтен және өзінің эмоционалдық жағдайын бағалай білу, тыңдау, қарым-қатынастың ең жақсы стратегиясын анықтау қабілетін қамтуы тиіс. Оқытудың бір бөлігін кәсіби психологтар жүргізуі тиіс. Оқыту бағдарламасына, сондай-ақ өзінің психологиялық жеңілденуі және жану әсерінің алдын алу дағдылары кіруі тиіс.

Балалармен жұмыс істейтін мәдениет мекемелеріне баратын немесе денсаулық мүмкіндіктері шектеулі топтарды тартатын волонтерлер олардың дене мүмкіндіктеріндегі шектеулерді, олардың психологиялық жай-күйін, балалармен ғана емес, сонымен қатар олардың ата-аналарымен қарым-қатынас жасау қажеттігін нақты түсінуі тиіс.

Ұлттық деңгейде оқыту бағдарламаларын әзірлеу және волонтерлерді оқытатын жаттықтырушыларды дайындау қажет. Аймақтардағы волонтерлердің үйлестірушілері қосымша білім алады, бірақ волонтерлермен бірге тренингтерге қатысады, олармен танысады, одан әрі қолдау мен оқыту тұрғысынан олардың әлсіз және күшті жақтарын анықтайды.



ЕСКЕРТКІШТЕРДІ САҚТАУ ЖӘНЕ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТКЕ ВОЛОНТЕРЛЕРДІ ТАРТУ ҚАДАМДАРЫ.

3.1. Тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау және қалпына келтірудің мақсаттары мен міндеттері.

Сохранение и восстановление памятников истории и культуры — тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау және қалпына келтіру — тарихи-мәдени мұраны сақтаудың маңызды тармақтарының бірі.

Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау мен пайдаланудың мақсаты оларды қайта жаңғыртуды, сақтауды, танымал етуді қамтамасыз ету болып табылады. Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау мен пайдаланудың міндеттері:

1. тарихи-мәдени мұра объектілерінің жай-күйін анықтау, есепке алу, зерттеу және мониторингілеу;
2. тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету;
3. тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастыққа жәрдемдесу;
4. тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық жұмыстар мен ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүргізу кезінде тарихи-мәдени мұра объектілерінің тарихи, сәулет-көркемдік келбетінің сақталуын қамтамасыз ету.

Бұл міндеттерді іске асыру облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарының құзыретіне кіреді. Волонтерлерді тарту үшін қандай коммерциялық емес ұйыммен немесе институтпен ынтымақтасуға және қандай бағытта жұмыс істеуге болатынын анықтау қажет, өйткені кейбір әрекеттер (мысалы, қалпына келтіру) лицензиялауды және мамандандырылған дағдыларды талап етеді.

Волонтерлік қызметті дамыту бойынша алғашқы қадамдар – мәдениет мекемелеріндегі сияқты – презентациялаудан бастап қызметті жоспарлауға дейін. Волонтерлерді қабылдау кезінде олар қандай қызметке тартылатынын және волонтердің портретін нақты сипаттауды ескеру қажет.

3.2. Қандай волонтерлер және олар не үшін тартылуы мүмкін:

Волонтерлер әртүрлі жастағы адамдар бола алады. Мүмкін, экспонаттарға немесе маңызды құжаттарды жүргізуге жауапты болу қажет болған жерлерде 18 және одан жоғары жастағы волонтерлерді шақыру керек. Объектілерді қалпына келтіру жағдайында студенттер немесе оқытушылар археология, сәулет, мәдениеттану, тарихқа үлкен қызығушылық тудыруы мүмкін.

- Мәдени-ағартушылық қызмет–тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау және қалпына келтірудің маңыздылығы идеяларын халықтың әртүрлі топтарымен, оқу орындарында дәрістер мен әңгімелер арқылы ілгерілету;
- Жергілікті билік органдарына мәдени мұра объектілерінің бірыңғай тізілімін жүргізуге көмектесу;
- Мұрағат ақпаратын жинау және жүйелеу;
- Ақпаратты түрлі тілдерге аудару, материалды цифрлау;
- Фото/бейне түсіру, деректі роликтер немесе фильмдер жасау;
- Қалпына келтіруге көмек көрсету (егер тиісті білімі мен аттестациясы болмаса, жөндеу жұмыстарына, техникаға қызмет көрсетуге, қосалқы жұмыстарға тартуға болады).

Тарихи-мәдени мұра объектілері–тарих, археология, сәулет, қала құрылысы, өнер, ғылым, техника, эстетика, этнология, антропология, әлеуметтік мәдениет тұрғысынан қызығушылық туғызатын, тарихи процестер мен оқиғалар нәтижесінде пайда болған, өздерімен байланысты бейнелеу, мүсін, қолданбалы өнер, ғылым, техника туындылары және материалдық мәдениеттің өзге де заттары бар жылжымайтын объектілер (3-бап, 14-тармақ).

Тарих және мәдениет ескерткіштері (5-б., 1-т.):

1. археология ескерткіштері;
2. қала құрылысы және сәулет ескерткіштері;
3. ансамбльдер мен кешендер;
4. киелі объектілер;
5. монументтік өнер құрылыстары.

«Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» ҚР Заңы

3.3. Тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтауға волонтерлерді тартудан өңір не ұтады?

Ең алдымен, волонтерлерді тарту қоғамдастықтың тарихи және мәдени естеліктері, ескерткіштерге, халық тарихына деген құрмет үшін бірлескен жауапкершілігін қалыптастырады. Әр жастағы топтарды тарту жағдайында білімді, дағдыларды, құндылықты, жауапкершілікті және аға буыннан – жас ұрпаққа ұқыпты қарау туралы айтуға болады.

Бұдан басқа, егер мәдениет немесе тарих ескерткіштерін қалпына келтіру немесе қалпына келтіру үшін шектеулі уақыт пен ресурстар бөлінсе, онда волонтерлік көмек тек бір жолғы жұмыс үшін ғана емес, тарихи мұраны сақтау үшін жауапкершілікті қалыптастыру арқылы объектілерді тұрақты қорғау үшін де пайдалы болады.

3.4. Волонтерлерді тартатын ұйымдарға/өңірлік билікке нені қарастыру қажет?

Тарихи-мәдени мұраны сақтау саласындағы волонтерлік қызметті ұйымдастырудың міндетті құрамдас бөлігі заңнамалық нормаларды сақтау болып табылады, әсіресе, қандай мамандар тартылуы мүмкін және қандай жұмыстар үшін, аттестацияны қалай және кім тексереді және объектідегі нормалардың орындалуын қадағалайды, волонтерлердің объектілерді қалпына келтіру мен консервациялауға қалай жол беріледі деген мәнінде.

Объектілердегі негізгі қызметкерлермен және мамандармен волонтерлерді қандай қызмет түрлеріне тартуға болатын, ал қандай қызметке болмайтын жағдайлар бойынша мұқият нұсқаулық өткізу қажет. Жоспарлау кезеңінде объектілерге зиян келтірмеу үшін жауапкершілік аймақтарын және жұмыс түрлерін алдын ала бөлу қажет және сенімсіздік немесе жұмыс көлемінің болмауы салдарынан волонтерлерді жоғалтпау қажет.

Волонтерлер үшін қауіпсіздік техникасы, құқықтық аспектілер, түрлі материалдардан – ағаштан, тастан, металдан жасалған объектілерді қалпына келтіру ерекшеліктері міндетті түрде оқытылады. Сарапшылардың жетекшілік етуімен шеберханаларда тәжірибемен қалпына келтіру бойынша мастер-класс өткізу волонтерлер үшін құнды дағдыларды алуда қосымша ынталандыру болады (РФ-дағы мұра волонтерлері мектебінің үлгісі). Белгілі сәулетшілерді, тарихшыларды немесе археологтарды тарту волонтерлерге, әсіресе осы мамандықтарға білім алатындарға осы қызметтің тартымдылығын арттырады.

Нұсқаулықтар, оқыту материалдары, волонтерлермен келісім келесі сәттерді айқын түрде бейнелеуі тиіс:

- Тарихи-мәдени мұра объектілерін құрметтеу және қорғау қағидалары;
- Объектілердегі тәртіп ережелерін және қауіпсіздік техникасын сақтау;
- Объектілерді рұқсатсыз ауыстыруға тыйым салу;
- Объектіге бөтен адамдарды шақыруға тыйым салу;
- Объектілерде, құжаттармен, деректер базаларымен жұмыс істеу кезінде құпиялылықты сақтау, себебі бұл зияткерлік меншік болып табылады

4 ТАРИХИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ОРЫНДАР БОЙЫНША ТУРИЗМДЕГІ ВОЛОНТЕРЛІК ЖОБАЛАРДЫ ДАМУҒА ҚАДАМДАРЫ.

Қазақстанда туристік маршруттар салынбаған, немесе маршруттар бар, бірақ гидтер жеткіліксіз, немесе қандай да бір қаланың сұлулығын басқа жағынан мүмкін әлі ашпаған көптеген бірегей орындар бар.

Осы бағытты дамытуға волонтерлерді тарту өңірлік Туризм басқармасы үшін пайдалы болуы мүмкін.

Волонтерлік қызметті ұйымдастыру бойынша алғашқы қадамдар – алдыңғы бағыттардағы сияқты – презентациядан бастап қызметті жоспарлауға дейін. Бұл қызметке әр жастағы волонтерлерді және әлеуметтік топтарды тартуға болады.

Осы бағытта келесілермен ынтымақтастық орнатуға болады:

- ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрді ілгерілететін этно-жобалармен: мысалы, ұлттық салт-дәстүрлерді немесе ұлттық спорттық ойындарды көрсете отырып, киіз үй түріндегі бағыт бойынша этно-тұрақ қоюға, атпен серуендеуге немесе жергілікті музыканттарды тыңдауға болады;
- эко-туризмдегі жобалармен, әсіресе, егер маршрут бойынша түнгі уақытқа тоқтауға және жергілікті ерекшелікке тұла бойымен шомылуға, үй тағамдарын татуға, әжесінің ертегілерін тыңдай алатын ауылдардан жүрсе.

Басқа жобалармен ынтымақтастықта функцияларды бөлу ғана емес, сондай-ақ маршруттың табысы әрбір серіктес туристердің жайлылығы мен жағымды әсерлерге қамқорлық жасау үшін, олардың қайтып оралғысы және өзімен бірге достарын әкелгісі келуі үшін, ойлағандары шындықпен сәйкес келуі үшін әркімнің сапалы үлесіне байланысты екенін түсіну маңызды.

Волонтерлер не істей алады және өңір волонтерлерді тарихи және мәдени орындар бойынша туризмге тартудан қалай ұтады?

Жергілікті жердің мәдени және тарихи ерекшеліктерін ілгерілетуге қоғамды тарта отырып, өңірдің туристік тартымдылығы артады.

Волонтерлерді тарихи орындар бойынша экскурсиялар өткізуге тартудан басқа, волонтерлер жаңа бағыттар, бос уақыт пен демалысқа арналған кеңістік, арт-инсталляция құра алады. Осы бағытта мемлекеттік органдар үшін волонтерлердің жергілікті кеңістік туралы идеялары мен ұсыныстарына ашық болу маңызды. Волонтерлерден кері байланыс мәдени және тарихи объектілердің инфрақұрылымын жақсартуға, объектілер мен маршруттардың тізілімін толықтыруға, өңірлік дамуға жаңартуларды енгізуге көмектеседі.

Цифрлық технологиялардың дамуын ескере отырып, волонтерлер соқпақтар мен табиғатты суретке түсіріп қана қоймай, 3D турларды әзірлеп, оларды өңірлік ресми беттерінде орналастыра алады.



Аумақты тексеру және жайттарды (мысалы, өрттерді) болдырмау мақсатында, тіпті туристік ағын болмаған кезде де маршруттардан тұрақты өтетін патрульдік волонтерлер тобын оқытуға болады. Осындай патрульдерді айына 1 рет (немесе одан көп – маусымға және климаттық жағдайларға байланысты) өткізуге болады.

Қазақстанның мәдениет және тарих ескерткіштері бар жерлерінде волонтерлер қызықты туристік маршруттарды, бірегей экскурсияларды немесе жергілікті өзгешеліктері – аңыздармен, ертегілермен, тамақтанумен немесе құпия орындарымен квестерді әзірлеуге көмектесе алады. Сондай-ақ, инклюзивтік топтар үшін маршруттар немесе экскурсиялар әзірленуі мүмкін. Танымал бағыттарда волонтерлердің болуы әр түрлі топтарға жеке көзқарасты қамтамасыз етуге көмектеседі. Сонымен қатар, волонтерлер маршруттардың тазалығын қадағалайды, туристердің тарихи және мәдени нысандарға ұқыпты қарауын қадағалайды, есеп беру құжаттамасын, соның ішінде келушілердің есебін жүргізеді.

Волонтерлерді тартатын ұйымдарға/өңірлік билікке нені қарастыру қажет?

Волонтерлермен кез келген жұмыс сияқты, оқытуды жүргізу, барлық қағаздарды (сауалнамалар мен келісімдер) ресімдеу, жол жүру/тамақтану шығындарын анықтау және үйлестірушіні тағайындау қажет. Волонтерлерден жаңа бастамалар үшін орын қалдыра отырып, алдын ала міндетті жұмыс көлемі жоспарлануда. Волонтерлермен кері байланыс жинаумен, проблемаларды талқылаумен және алдағы қадамдарды жоспарлаумен тұрақты кездесулер (бейресми жағдайда жөн) өткізіледі.

Волонтерлерді туристер тобынан ажырататын бірыңғай киім-кешек немесе ең болмағанда белгішелерді/кепкаларды көздеу қажет. Жолда қауіпсіздік техникасына және тарих және мәдениет ескерткіштеріне ұқыпты қарауға үйрету міндетті түрде жүргізіледі. Үйлестіруші ауа-райы жағдайына, ТЖМ ескертулеріне мониторинг жүргізуі тиіс.

Волонтерлерді қосымша жолда алғашқы көмек көрсетуге үйретеді, егер біреу топтан айырылса, не істеу және кімге жүгіну қажет, шұғыл көмек телефондарының тізімі ұсынылады (егер жолда желі ұстаса) немесе оларды рациямен қамтамасыз етіңіз.

Тұрақты волонтерлер үшін «мансаптық саты» ойлап табуға болады: мысалы, 5 экскурсияны өткізу – «Гид-Жас талап» белгісі беріледі және экскурсиялар көп болған сайын, «Соқпақтаршебері» (немесе осындайға ұқсас атау) титулына жақынырақ. Волонтердің мамандануына байланысты титулдар беруге болады.

Есте сақтаңыз! Өрбір маршрутта волонтерлер қауіпсіздігі мен туристтер қауіпсіздігі – бұл жоғарғы басымдық!

5

МӘДЕНИ ІС-ШАРАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ КЕЗІНДЕ ВОЛОНТЕРЛЕРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ҚАДАМДАРЫ.

Егер онымен тұрақты негізде волонтер топтарын мәдени іс-шараларға дайындайтын арнайы ұйым айналысса, оны жеке бағыт ретінде бөліп көрсетуге болады. Сондай-ақ, біржолғы ірі мәдени іс-шара өткізетін кез келген ұйым үшін өзекті болады.

Волонтерлерді қабылдау іс-шараның мазмұнына қарай жүргізіледі – бұл әр түрлі жастағы және құзыреттіліктегі волонтерлер, немесе қысқа бағытталған дағдылары бар волонтерлер (мысалы, режиссерлер немесе цирк әртістері) болады.

Қазақстанда мәдени іс-шараларға Қазақстан халқы Өңірлік ассамблеяларынан волонтерлерді де тартуға болады, олар іс-шараны жоспарлауға мәдени әртүрлілікті енгізе алады. Сонымен қатар, бұл Ассамблея жетекшілерімен жұмылдырылатын, ұйымдастырылған топтар.

Іс-шараны дайындау барысында қызметкерлер мен волонтерлер арасында міндеттер мен орындайтын функциялары өзара бөлінеді. Волонтерлер келушілерді қарсы алады, тіркейді, тарату материалдарын бере алады, билеттерге купондарды айырбастайды немесе билеттерді тексере алады, аумақты қорғауға немесе келушілерді жолдауға, орындарға отырғызуға, экспозицияға дейін шығарып салуға, денсаулығына және т.б. мүмкіндігі шектеулі адамдарға жеке көмекшілер бола алады.

Егер осы іс-шара мекеме ішінде, мысалы, мұражайлар түні болса, онда волонтерлер экскурсиялар жүргізе алады, буклеттер тарата алады, қажет болған жағдайда мастер-класстар және т.б. өткізеді.

